



№1(02) 2012

АЛАУШЫЛ ЖАС

Студенттердің ғылыми-танымдық және әдеби-көркем журналы





«Алашшыл жас» қолжазба журналы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Филология факультеті Қазақ әдебиеті кафедрасының «Ізденіс» үйірмесінде әр семестр сайын шығып тұрады.

МАЗМҰНЫ

ЗЕРТТЕУ: АЛАШ РУХТЫ ӘДЕБИЕТ

<i>Шәкәрім «Мұтылғанның өмірі» және тарихи шындық.....</i>	4
<i>Ахмет Байтұрсынов «Жиган-терген» өлеңінің астарлы сыры.....</i>	8
<i>Сұлтанмахмұт Торайғыров және «Айқап».....</i>	12
<i>Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі замана келбеті.....</i>	14
<i>Сәке Сейфуллиннің «Түс» өлеңіндегі тілегі.....</i>	17

ЗЕРТТЕУ: ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР

<i>Оралхан Бөкей «Мұзтау» повесіндегі екіұдайлықтың көрінуі.....</i>	20
<i>Төлен Әбдіков «Парасат майданы» повесіндегі тұлғаның екіге жарылуы.....</i>	24
<i>Ғабит Мүсірепов әңгімелеріндегі ана тақырыбы.....</i>	28

ЗЕРТТЕУ: БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТИ

<i>Балалар басылымдарында жарық көрген жұлмақтар.....</i>	30
<i>Ганс Христиан Андерсен ертегісі.....</i>	35

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРА ҚЫЗДАРЫ

<i>Ана тәңірі мен сақ дәуірінің әйелдері туралы.....</i>	37
--	----

ПОЭЗИЯ

<i>Найзабаева Айман өлеңдері.....</i>	38
<i>Мәкіш Жанат өлеңдері.....</i>	39
<i>Айжан Қожантаева өлеңдері.....</i>	

ПРОЗА

<i>Өмір деген... нәзік сәуле.....</i>	41
<i>Студенттік өмірдің алғашқы күндері.....</i>	43

САУАЛНАМА СЫРЫ

<i>Кейбір жастардың өмір туралы көзқарасы.....</i>	48
--	----

«ІЗДЕНІС» ҮЙІРМЕСІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

<i>Білім жеңісі – біздің мақтанышымыз.....</i>	50
<i>Журналымыз әр семестр сайын шығып тұрады.....</i>	52



Шәкәрім «Мұтылғанның өмірі» және тарихи шындық

Шәкәрімнің өзі жайлы жазылған шығармаларының бірі – «Мұтылғанның өмірі». Бес жасынан жетпіс жасына дейінгі өмірі бедерленген бұл өлеңде ақынның басынан кешкен қиыншылықтары, жастайынан онша білімге сусындай алмағандығы және есейе келе елдегі жағдайларды көріп ашынып, бейбітшілік өмірді аңсағаны жайлы жазылады.

Шығармада «Бесімде оқу білсін деп, Ата-анам берді сабаққа» деген жолдардан басталғанмен ақынның ғылым-білімге деген құштарлығы жиырма жасқа дейін көріне қоймағаны аңғарылады. Оның түрлі себептерін де ақынның өзі айтып өтеді. Ал жиырма жасынан кейін ғылым жолына түсіп, жастарға ұнайтын өлеңдер шығара бастағанын және де ол өлеңдерінде ел мұңын ескермегеніне өкініш білдіргенін мына өлең жолдарынан байқаймыз:

Жиырмадан өткенде,
Аз ғана ғылым оқыдым,
Алғызып кітап шеттен де.
Көңілге біраз тоқыдым.
...Ондағы өлең жырларым,
Ұнадым жастар тыңдарын
Ескермей елдің мұңдарын
Қаси алмадым қотырын.


Одан әрі жиырма мен қырық жастың арасын босқа өткізгеніне қынжылып, өзіне сын көзбен қараған ақын өміріне күә боламыз. Шәкәрімнің осы жылдар аралығында болыс болып, «еріксіз жемтік шоқығаны» да қайран қалдырады.

Ұлық пен елге жағындым,
Әр түрлі атақ тағындым.
Ар кетіп, айла жамылдым,
Бейне алдамшы сопымын, –

деп өзін жазғырады. «Жетім, ерке, болып қырт, Мансапқа мінген мен бір жас» деп өзінің осындай дәрежеге түсуіне «төрт кеселдің» болғанын да жасырмайды. «Ғылымның сезбей көп нұрын» дей келе жастықтың мастығына босқа малынып, уақытының құр өткеніне налиды. Мұның бәрін ақын кейінгі жастарға сабақ болсын деген ниетімен айтып отырған шығар.

Ақын қырық жасқа толғанда өзін ғана емес, ел-жұртын да сынға алады.

Жас қырыққа келген соң,
Бір ой түсті жаңадан.
Қылығын сынап білген соң,
Дедім қазақ неткен жан?



Өнері жоқ, ғылым жоқ,
Партия қуған көп надан.
Адам улап, жеген б... –
Іші – айуан, сырты – адам, –

деп өнері мен ғылымы жоқ, бірін-бірі күндеп, партия қуып, сөзге құлақ аспаған халқының іс-әрекетін шошына жырлайды.

Одан әрі өлең жолдарынан ел мінезін түзеу үшін «Қазақ айнасын» жазғандығы, өз діні туралы зерттеп Меккеге дейін барғаны, тіпті, «Дін шатағын көп көрдім, Қатесін сынап тергенде» деген жолдардан ақынның дін туралы кітаптар оқып ғана қоймай, ғылыми еңбектер жазумен айналысқаны да сөз етіледі.

Шәкәрімнің алтыс жасстан асқандағы өмір жолдары тарихи шындықпен байланыстыра өріледі. Мәселен, 1917 жылы 27 ақпанда II Николай тақтан құлап, Петроградта буржуазияшыл-демократиялық революция жеңіске жетті. Осы жеңістен кейін қазақ елі үшін кішкене болса да бейбітшіліктің самалы ескен тәрізді. Оны Шәкәрім ақын былай жырлады:

Түзелер деп қазағым,
Николай құлап, өлген соң,
Тағы да тарттым азабын,
Алтысқа жасым келген соң,
Құлдықтан қазақ босады,
Білмеймін қайдан тосады.
Күн шыққанға ұсады,
Бостандық сәуле берген соң.

Осылайша қуаныш сезімін жасыра алмаған ақын қазақтың басына жақсы күн туатынына зор үмітпен қарайды.

Оқыған жастың етегін,
Қабыл алдым жетегін,
Босқа жатып нетемін,
Бостандық туын көрген соң, –

деп ақын бірде «оқыған жас», яғни қазақ зиялыларының бағытына қосылғанын айтса, бірде қайтадан райынан қайтқанын былайша баяндайды:

Балшебек пен меншебек
Партия қылды әр бөлек,
Айтып-айтпай не керек,
Орысты екі бөлген соң.
Әкеміз орыс десек те,
Келмеді бұл есепке,
Қайтадан жаттым төсекке.
Сенімді үміт сөнген соң.



Патша үкіметі құлағанмен, әлі де болса ауызбіршіліктің жөнді орныға алмай, өз іштерінен партияға бөлінулерін, оларға еліктеушілерді де сынға алады.

1917 жылы патша үкіметі құлап, орнына кеңес үкіметі орнағаны, осы жылдың март айында Семей, Торғай мен Орал қалаларында Ұлы комитеттері құрылғаны, сонда Шәкәрімді президиум мүшесіне сайлап, оны арнайы шақыртқаны туралы мәліметтер осы шығармада да таңбаланады.

Семейді ақтар меңгеріп,
Қазаққа соттық жол беріп,
Сыртымнан сайлап жөн көріп,
Шақырып хабар берген соң:
Ақтар кетіп қалғанын
Семейді қызыл алғанын
Жолшыбай іздеп барғанмын,
Әділет іздеп төнген соң.

Одан әрі ақын «Мен ұлтшыл емеспін, Жақыным мынау демеспін» деп ағынан жарылып, тек көрген шындығын ғана айтып отырғанын ескертеді. Семейді тағы да ақтардың алғанын, оларға қазақтардың бағынышты құл болғанын, өзінің сот шешімінің орындалуындағы әділетсіздікке шыдамай, жұмысын тастап, еліне қайтадан оралғанын баян етеді.


Күздікүн тағы шақырды,
Семейге кел деп ақырды.
Кешем деп қашқан қаныңды
Бармасам деп тұр қабайын.
Барсам Әлқан Омбыда
Мұхаметжан тұр орнына
Сұр жауын қазақ сорлыға
Деп тұр екен жауайын.

Бұл өлең жолдары сол кезеңдегі қазақтың басына ауыр күн туарын алдын ала білген қарт ақынның болашақты айнытпай болжауы еді. Ақтар мен қызылдардың бірі келіп, бірі кетіп жатқан тұсында Алаш қозғалысының да әрекеттері, яғни, өз алдына үкімет пен партияны құруға ат салысқан зиялы қауымның істері көмескеленіп болса да айтылып өтеді. Мәселен, ақынның «Партия – соры көп елдің, Айта алмай соны бөгелдім» деуі тегін емес. Және де

Алашорда бір бөлек,
Қауымның ойы өзгерек... –

деген өлең жолдарында да ақынның айтар ойы тұспалданып тұр. Әйтпесе «Мысалдап дертімді айтқанмын» демес еді ғой. Бұл тарапта кейіннен бөлек арнайы сөз етеміз.

Жалпы, осы кезеңде 1917 жылғы қазан төңкерісі басталды. Нағыз қиыншылық қазақ басына ақпан төңкерісінде емес, қазан төңкерісінде болып еді. Осы уақыттың белгілері де ақын жырынан қалыс қалған жоқ.



Айналыстың алаңы,
Кейде алтын, кейде жез,
Қызыл алды қаланы,
Оқығандар, мұны сез.
Қызылдан қылып зор қауіп,
Қазаққа шын жол тауып
Қарусыз, қамсыз ел шауып,
Ақтар қашып өткен кез, –

дей отырып, 1918 жылдың мамыр айында Кеңес үкіметі орнай бастағанын, патша үкіметі құлап, елге кішкене бөлсе да әділдік орнағанын, сол бір боранды кездің де өтіп кеткендігін айтады. Сондай-ақ қызылдардың да кемшілік тұстарын жасырмайды. Мәселен, олардың ел ішінен ақтардан қалған қаруды сұратқаны, кейбіреулерінің жалданып, ақша мен малды қарапайым халықтан тартып алғандары, арыздансаң өзіңе зиян келтіргені туралы ашық айтуы. Бірақ көп ұзамай елге «Әділет атты жол» шыққанын айтады.

Ақ жүрек атын тағынған,
Аузымен заңға бағынған,
Қой терісін жамылған,
Арылмады арам без.
Қазақтан қалмай партия
Көбейді сұм мен сұрқия,
Келген жастар ел тия,
Қабыл алып өсек сөз, –

деп, жоғарыдан заң шығып бәрі жақсы болғанымен де, әлі де болса қазақтардың жаман мінездерден арылмағанына, партияның соңына түсіп, сұм мен сұрқиялардың көбейіп бара жатқандығын қынжыла сөз етеді.

Түйіп айтқанда, ақын қанша бай-бақуат болып, кезінде ел, жерді билесең де, содан лезде айырылған күнді тозаққа теңейді. Ал жүз жыл азап тартып, қанша қиыншылық көріп, қиналсаң да, бірақ түбінде содан құтылған күнді жаннатқа, бостандықты керемет жаннатқа балайды. Осылайша өз өмірін сипаттай келе өз-өзіне көңілі толмайтындығын аңғартады. «Ғылымсыз өткен мен бір ез» деп кішірейе тұрып, ұлылығын, даналығын танытады. «Күлсе де, келеке қылса да өз еркі, менің барым да, шынайы түрім да осы» деп таза болмысын танытады. Ең бастысы өсектен, өтіріктен сақтанғысы келеді. Әділеттіліктің туын көтереді. Сол үшін де ақын өз өмірін өз аузымен жеткізуді дұрыс деп санайды.

Азиза Айдосова
Филология факультетінің
3-курс студенті



Ахмет Байтұрсынов «Жиған-терген» өлеңінің астарлы сыры

XX ғасыр басында елі үшін еміренген алаш зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынов ұйқысын қимай жатқан қазағына ызаланып «Жиған-терген» өлеңін жазады. Бұл шығармасы алғаш 1911 жылы дүниеге келген «Маса» жинағында жарық көреді.

«Қиыннан қиып, қиырдан жиып...» қазақтың жай-күйін зерделемек болған ақын:

Именіп көптен,
Сақтық қып еппен,
Тасалама ойыңды!—

деп шындықты батыл айтатындығын да ескертеді. «Ашынса етің, ашылмақ бетің» деп алдағы айтар сөзінің астарын сездіріп қана қоймай,

Оқушым, ұқпай
Осқырып шықпай
Сабырмен байқа сөзімді!—


деп оқырманынан ақ қағаз бетіне түсірген жүрегінің жарасына байыппен терең үңілуді сұрайды.

Қарқылдар қарға,
Шиқылдар арба,
Бой сүйсінер сазы жоқ,
Шешенсіп жұртқа
Мылжыңдар қыртпа,
Ой ісінер сөзі жоқ,—

деп ақын өткені мен бүгіні бар, ертеңі бұлыңғыр, таңның атысымен-ақ күннің батуына, яғни, ұйқыға асығатын елінің немқұрайлылығын сынап қана қоймай, сүйсінер ешбір әрекеті жоқтарды қарқылдаған қара қарға мен шиқылдаған арбаға теңейді. Жұртқа шешен сымақ болған билер мен ақыл айтар ел ағаларының тек босқа мылжыңдап, ел пайдасына келгенде іліп алар сөзінің жоқтығын айтқысы келеді. Қасқайып қатып қалған ескіліктің шеңберінен шыға алмайтын жандардың жаңашылдыққа ұмтылмайтынына қынжылған ақын осылайша сынау арқылы оларды қамшылап алғанға ұқсайды.

Маған үлгі ол емес,
Ол түсерлік жол емес
Жолдар бар өзге,
Жоба бар сөзге,
Жүрекке дөп, ойға жөн,—

деп қазақтың көрсоқыр көмбістігінің апарар жолы үлгі жол еместігін, дұрыс сара жолдың бар екендігін айта келе, ақын ескіліктен арылуға, оқу-білімге ұмтылуға шақырғандай.



*Сайраған тілмен,
Зарлаған үнмен
Құлағы жоқ кереңді
Ұқтыра алмай сөз әуре,
Тек тұра алмай біз әуре.*


Ал ақынның осы өлең жолдары алаш қозғалысының белгілері және оның әдебиеттен орын алғанын айқындап тұрғандай. Өйткені мұнда алаш зиялыларының «оян, қазақ» деп ұрандап, «сайраған тілмен, зарлаған үнмен» әдебиет арқылы халықты оятуға ұмтылғанын, «құлағы жоқ кереңдерге» ұқтыра алмай, ұқтыруға жанын салған зиялы қауымның тек тұра алмай әуре болғаны жайын меңзейді.

Одан әрі Ахмет Байтұрсынов артқы тарихқа көз жіберіп, қазақ хандығы тұсын, нақтырақ айтсақ, қазақтардың Ресей империясына қосылу кезеңіне шолу жасайды.

*Қараймын кейін:
Орысқа шейін
Хан бағыпты қазақты.
Баға алмай жөндеп,
Басқаға көн деп,
Артқан жұртқа азапты.
Бас адамдар халықты
Сатып, сыйлар алыпты.*

Мұндағы «Баға алмай жөндеп, басқаға көн деп» дегені сол кездегі ел билеуші хандардың өз жұртын Ресейге қалай қосқанын меңзегендей. Ал қазақ халқын отар елге айналдыруы халықтың мойнына артқан азабы болды. «Бас адамдар» дегені – ел басқарған хандар мен жоғары шендегі тұлғалар. Осылар «халықты сатып, сыйлар алды» дейді. Сонда осы жолдар арқылы ақын бізге нені ұқтырғысы келеді? Тура түсінсек, кейбір хандар елдің қамын емес, өзінің қарнын ойлаған болып шығады. Әлде...? Қазақтың осындай мүсәпір күйге түсуінің бастау көзі сол Ресей империясының қанатының астына кірген кезден басталған дегенді айтқысы келгені ме?!

*Келген соң бері
Кейінгілері
Болды құмар шекпенге –
Өгіздей өрге,
Өткелсіз жерге
Күнде айдап жеккенге.
Бір күн тойса есектер,
Ми жоқ алдын есептер.*



Ел қамын ойлайтындарды «өткелсіз жерге» жер аудартып, сол үшін жоғары ұлықтардан мақтау алған шекпен құмарларға ашынған ақын оларды алдын болжасай алмайтын, бір күн тойса мәз болатын есектерге теңейді.

Салынып дауға,
Сатылып жауға
Болыстықты алысты.
Қазық боп жұртқа,
Қорған боп сыртқа,
Кім ойлайды намысты?! –

деп туганымен дауласып, жауыменен ауыз жаласқан болысты, болыстықты сынайды. «Ел басқарған болыстың түрі осы болса, онда сорлаған елімізге кім тірек, кім қорған болмақ, ел тағдырын кім ойламақ?» дегенді айтып, ақын ел болашағының бұлыңғыр, күңгірт екенін жырына тиік етеді.

...Молдаларда не гамал?...
Алдап жүртты, жимақ мал.
Ұжмақ молда қолында.
Сауда-саттық жолында
Бергенге – ұжмақ,
Бермесе – дозақ,
Деп үйретер халыққа.

Ақын ел қамын ойламайтын молдаларға да күйінеді. Жигандарыңды «берсең – жұмақ, бермесең – тозақ» деп жүртты алдаған молдасымақтар да елді сорып, қанауда. Адамгершілік қасиеттердің бәрі иманда десек, оны дәріптейтін молдаларымыздың сиқы осындай... «Ұжмақтың кілтің, Алланың мүлкін арендаға алып па?» деп ел табынатын молдаларды ақын кекете отырып, жұмақты тиынға сатып ала алмайтындығын, молдаға құдайдай сыйынбау керектігін, құр босқа алданып жүргенін халыққа ескертеді. Сөйтіп, елдің дінге деген көрсоқырлығын да сынға алады.

Ұлғайды қайғы,
Уытын жайды,
Айтпасыма болмады, –
деп қайғырған ақын айтпағын астарлы түрде былай өрнектейді:
Қабағын түйіп,
Қаһарын жиып,
Көкті бұлт торлады.
Жаңбыр жаумай, жауса қар,
Жұрт жұтатын түрі бар.

Бұл өлең жолдардағы «қабағын түйіп, қаһарын жиып, көкті торлаған» бұлтты – орыс отаршылдығы, жаңбыр мен қар жауғызу – отар елге жасалатын қиянаттар дегіміз келеді. Олар әдеттегідей жаңбыр ғана жауғызса игі. Егер қар жауғызса, ел-жұртына үлкен қайғы келетінін ескертеді. Яғни, «жаң-



быр жауылса – қазақ жерінен аз гана жер, ал қар жауылса – ұлан ғайыр жердің көп бөлігі алынбақ» дегенді ұқтырғысы келгендей. Олай дейтін себебіміз, ақын:

Балалық қылып,
Ес біліп анық,
Ер жеткелі жиырма жыл, –

деп Ресей империясының қазақ халқына жасап жатқан мұндай қылықтарына жиырма жыл толғанын еске салады. Анықтап айтқанда, қазақ жерін бөлшектей билеу саясатын жоғары деңгейде іске асырғысы келген патша әкімшілігінің 1891 жылы 25 наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» қабылдағанын тілге тиек етсек, сөзіміздің шындыққа жақын екені дәлелдене түседі.

Сонымен, қауіптің алдын алып, елі үшін шыр-пыр болған ақын:

Баяғы қалты,
Баяғы салты,
Бұ неткен жұрт ұйқышыл?
Болсын кедей, болсын бай
Жатыр бейқам жым-жырт жай, –

деп бүкіл қазақ жұртының ұйқыда жатқанына қапаланады.

Ұйқышыл жұртты
Түксиген мұртты
Обыр обып, сорып тұр.
Түн етіп күнін,
Көрсетпей мінін
Оятқызбай қорып тұр, –

деп ақын ұйқышыл жұрттың күнін түнге айналдырып, мінін көрсетпей, олардың оянып кетпеуін қорып тұрған «түксиген мұртты обырды» патша империясының әкімшілігі етіп бейнелейді де,

Обыр болса қамқорың,
Қайнағаны сол сорың! –

деп патша ұлықтарына үміт пен сенім артпау керектігін астарлы түрде осылайша жеткізеді.

Оянған ерге
Ұмтылған жерде
Еруші аз, серік кем.
Қас білген досты,
Дос білген қасты,
Мұндай елді көріп пе ең, –

дей отырып, ақын ел қамын жеген алаш зиялыларының көксеген мүддесіне көпшіліктің риясыз сеніп, оларға қолдау көрсетуін үндейді.



*Қыс ішінде бірер қаз
Келгенменен, қайда жаз?!*

Бұл өлең жолдары арқылы ақын «қыс» пен «жазды» отаршылдық пен тәуелсіздік, «бірер қазды» аз ғана топтанған қазақ зиялылары етіп суреттейді. «Қыс ішінде бірер қаз келгенменен, жаздың тез арада бола қоймайтынын» да түсіндіргісі келеді. Сөйтіп, сол уақыттары ел мұратына бірден қол жеткізе алмайтындығын өкіне айтып қана қоймай,

*Талауда малың
Қанауда жаның
Аш көзіңді оянып.
Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың!—*

деп елінің қамсыздығына күйінеді. Жалпы, «Аш көзіңді оянып...» деп ұйқышылы жұртына маса болып ызыңдаған ақынның бұл өлеңінен өз тұлғасы да анық сомдалғаны аңғарылады.


Фариза Адылбекова
Филология факультетінің
3-курс студенті

Сұлтанмахмұт Торайғыров және «Айқап»

Алаш қозғалысына, оның саясатына зор үмітпен қараған ақынның бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Жасасын, Алаш жасасын!» деген ұранымен үн қосқан ақынның ұлтқа деген сүйіспеншілігі мен сезімін «Айқап» журналында жарық көрген шығармаларынан да анық аңғаруға болады. Ақын журналда аз уақыт жұмыс жасаса да, шығармалары арқылы өзінің шын мәніндегі халқына деген жанашырлығын таныта алды.

Сол уақытта қозғамды ақпараттандырып, халықты оқу-білімге, бірлікке шақырып отырған «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің арасында біраз айтыстың болғаны да аян. «Бас қосу» туралы мәселеден басталған түрлі келіспеушіліктер алаш зиялыларының арасындағы алауыздықтарды тудырғаны екі баспасөздің өзара айтыстарын зерттеген ғалымдар еңбегінен де белгілі. Ал осы жайттар тек мақала деңгейінде ғана емес, ақындар шығармашылығынан да орын алды. Осы уақытта ақындардың кейбірі өз ойларын ашық түрде жазса, кейбірі тұспалдап жеткізді. Тұспалдап жеткізген ақындардың бірі С.Торайғыров еді. Ақынның 1913 жылы «Айқапта» жарияланған «Түсімде» деген өлеңіне зер салсақ,

*Және дағы бір тайпа аңды көрдім,
У да шу, айғай-ұйқай даңды көрдім.
Бірі іріп, бірі сойып, бірі тартып,
Әуліккен ынтымақсыз жанды көрдім,—*



деп, бір мәмілеге келе алмай жатқан, яғни, «Айқап» пен «Қазақ» арқылы өз ойларын ортаға салып дауласып жатқан алаш зиялыларын меңзеп тұрған жоқ па?! Және де ақын «Мас болған дау-жанжалмен әлгі аңдарға Ұсынған әр та-
раптан оқты көрдім» деп ескерту жасап, оларды аңдыған жаулардан сақ-
тандырғысы келеді. «Аңдардың мұнан ешбір хабары жоқтығына» ызаланған
ақын «Қыран көз қиядағы ақ сұңқарың, Қырғидай тым болмаса санары жоқ»
деп алаш көсемдерін де сынға алғандай сыңай танытады.

...Қашқанмен, қарсы алдында жар мен су тұр,

Болды енді сорлылардың ісі шетін, –

деп, ел қамы үшін қозғалған алаш зиялыларының қанша әрекет жасап тырысса
да, ісінің алға баспайтындығын айтқысы келеді. Өйткені олардың патша
үкіметінің алдында дәрменсіз екені белгілі. Сондай-ақ ақын:

Білмейді тұрарын да, қашарын да,

Қайтсе аман еркіндікпен жасарын да.

Қарсақ көрсе, қорқады жолбарыс деп,

Білмейді қалай қарай басарын да, –

деп, зиялы қауымның ел тағдырын нақты шешіп беретіндей дұрыс жол таба
алмағандықтарын да осылайша мінейді. Одан әрі С.Торайғыров тұспалды
ойларын ашық түрде былай өрбітеді:

Және де түсінбейді айтқан сөзге,

Өзінше бұлардың да пікірі өзге.

Егер де отырықшы бола қалсақ,

Деп айтар: «Ұсталдық қой көрер көзге».

Ал осы шумақты ғалым Т.Кәкішұлы «Мағжан-Сәкен» еңбегінде келтіре
отырып, «Қазақ» газетінде жазылғандарды меңзейді» деген шындықты айтып
өтеді. Ақын соңғы шумағында:

Аңдар тұр от пен судың арасында,

Сахараның әр жердегі даласында.

Әрнешік ғаріптердің ісі мүшкіл,

Я, Рахман, өзің бір жөн табасың да! –

деп, алаш зиялыларының «от пен судың арасында» тұрғанын ескертіп, қазақ
даласының барлық түкпіріндегі оқыған азаматтарға тек бір Алланың көмегі
керек деген үкілі үмітімен өлеңін түйіндейді.

(Жалғасы бар)

Сақыпжамал Әлімгаева
Филология факультетінің
3-курс студенті



Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі замана келбеті

Мағжан Жұмабаев – ұлт жанашыры, алаш қайраткері. С.Мұқановтың сөзімен айтқанда, ол – ақынның ақыны. Расында да Мағжан Жұмабаевтың өзіндік бітім-болмысы, таланты мен табиғаты басқа ақындардан бөлек. Оның махаббаттың нәзік күйін шертер сыршылдығы мен табиғатты өрнектейтін суретшілдігі, болашағы бұлдыр қарапайым қазағының оянуына, сілкінуіне түрткі болған ұлттық рухтағы өлеңдері ақындық өнерін асқақтататыны белгілі.

Әсіресе, Мағжанның табиғатты суреттеудегі ұтқырлығы ерекше назар аудартады. Онда да бізді қоршаған орта, тау, дала, орман-тоғай, қайталанып келетін төрт мезгіл көріністерінен бөлек, ел, заман бейесін алуан түрлі табиғи құбылыстармен ұштастыра отырып суреттеуі. Ақынның осындай күрделі туындыларының қатарына «Толқын», «Сең», «Жел», «Қайың», «Қоңыр қаз», «Қысқы жолда», «Жазғы жолда» деген өлеңдерін жатқызамыз.

Атақты жазушы С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) деген зерттеу еңбегінде: «Мағжан кеңес тұсына дейін жазған өлеңінде не айтатыны ашық көрінетін еді. Октябрьден кейін ол «Қайың», «Толқын», «Жел», «Сең» деген сияқты жұмбақтармен өзінің іштегі жарасын сыртқа шығарып жүрді. Кейбіреулер бұлар таза табиғатты суреттеген өлеңдер, онда түк те саясат жоқ дер. Рас табынан адасқан адамда, қоғам тұрмысынан қол сілтеп шығып, табиғат көркемдігіне бас иіп, соған сәжде қылатын ақындар болады. Мағжанда да осындай өлеңдер бар, көбінесе, табиғатты суреттеген өлеңдерінің ішіне ретін келтіріп, астарлап большевиктің өзі ұнатпайтын бір мінезін енгізіп отырады. Большевиктің қолынан өлген «алашын» Мағжан қалай тірілтуді ойлайды. Олай салыстырады, былай салыстырады, ешбірінің реті келмейді» деп аса көрегендік танытады. Өлеңдерін талдауда әр сөзінің астарына зер сала үңіліп зерттеген С.Мұқанов Мағжанның негізгі айтпақ ойын елден бұрын сезген.

Мағжан Жұмабаевтың «Толқын» өлеңіне назар аударсақ,

Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады,
Толқынмен толқын жарыса,
Күңіреніп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен,
Жарысып жарға барысад,—

деп өзі көрген замана келбетін табиғат көрінісі арқылы суреттейтін тәрізді.

Ақынның осы өлеңі туралы З.Әкімжанов «Қазақ жырларының пайгамбары» деген мақаласында «Оның көптеген жырларын замандастары дұрыс аңғармай, яки астарын, ішкі серпінін сезіне алмай, бұрынғы қарапайым қалыптан асын



кеткен жаңашылдық үрдісін ұға алмай... соның салдарынан «Толқын» өлеңінің тонын айналдырып:

Иваннан Иван туады,
Иванды иван қуады.
Екі Иван төбелесіп,
Бір Иван құлады» –


деген саяси пародиямен Мағжанды ұрып жығады. Сонда өңі теріс бұрмаланған өлеңнің астары «Мағжан толқынды емес, орысты мазақ қылып жазып отыр. Міне, бұл өлеңде осындай астар бар» деген насық пизғылды бықсытып, отқа май құяды» деген пікір білдіреді. Егер ақын тек табиғаттың өзін ғана жырға қосса, онда әңгіме бөлек. Қалай болғанда да ақын өлеңінен саяси астар іздеушілер – Мағжанның көзін көріп, ісіне куә болған замандастары. Сондықтан олардың сөздерін де мүлдем жоққа шығаруға болмайды. Өйткені замандастары нақты не нәрсені мезгел тұрғанын дөп басып айтпаса да, әйтеуір өлең астарында жасырын сыр жатқанын сезеді. Біз де осы өлеңнің астарында не жатқанын білуге тырысып көрейік.

Мағжанның осы өлең жолдарын оқығанда алдымен уақыт өлшемін, өмір ағысын көсеткен ұлы Абайдың:

Алдыңғы толқын азалар,
Кейінгі толқын інілер,
Кезекпенен өлінер
Баяғыдай көрінер, –

деген сөздері ойға оралады. Мағжан да өтпелі екі толқынның қимыл әрекетін сөз етеді. Өлең сырына байыппен қарасақ, жарысқан толқындар әдебиеттегі екіге жарылған топтар, яғни, алашшыл және төңкерісшіл болып бөлінген ақын-жазушылар сияқты. Бастапқы уақытта ұлт мүддесі үшін бірдей көзқарастағы қазақ зиялылары заман өзгеруіне қарай іштей бөлініп, сөйтіп, «толқыннан толқын туылады». Олар туралы жазылған ғылыми еңбектер мен тарихи деректерге сүйенсек, әдебиет мәселесінде олардың «бітпейтін бір егеспен» өзара айтысып-тартысқаны тағы да белгілі. Айналып келгенде жарысқан екі «толқынның» барар «жары» да, құяр сағасы да бір. Яғни, «жары» – халықтың мұң-мұқтажын, мүддесін көздейтін қазақ әдебиетінің өзекті мәселесі. Сол кездегі кеңестік қоғам алашшыл ақын-жазушыларға мүмкіндік бермеген соң Мағжан оларды «өледі толқын, тынады» демей не десін. Мұны түсінген С.Мұқанов «...өлген «алашын» Мағжан қалай тірілтуді ойлайды» деп көрегендікпен дәл айтқан екен. Жалпы, Мағжан Жұмабаевтың ұлылығын сезіп, өлеңінің мәнісін дұрыс ұғынған әрі «байшыл-ұлтшыл» деп қаралай отырып ақтаған Сәбит Мұқанов та ұлы тұлға.

Өлеңнің өн бойынан байқайтынымыз, бір-бірімен сылық-сылық күліп сырласқан, сырын ашқан, бірде арпалыса жарысқан, буырқанған алып үлкен толқындармен жанталаса қалыспай бара жатқан кішкене толқындарды көз



алдыға әкеледі. Төңкерісшіл қауымның білімі мен шығармашылық таланттары ол уақытта алашшыл ақын-жазушыларға жетпейтіні бесенеден белгілі. Бірақ та ақын кішкене «толқындардың» алып «толқындардан» қалыспай шыңдалып жатқанын да, олардың бір-біріне сыр ашып сырласатынын да жасырмайды. Алайда, олардың бірігуіне, ортақ байланысуына кедергі болатындай арасында үлкен қорған барын ешкім де жоққа шығара алмайды. Мағжан өлеңінің сырын біз осылай түсіндік.

«Қайың» өлеңі де ақынның ішінде тынған қайғы-мұңынан сыр шерткендей. Отаршылдықтың зардабы өтіп, ауыртпашылықтан бас ала алмаған ел-жұртының бейнесін «үскірік аязда дірілдеген, сыбырласып, күбірлеген, еңкейген, қайғылы қайыңға» балап тұрғандай. Осы өлеңі арқылы Мағжан ұлт тағдырын бедерлегені сөзсіз. Олай деуіміздің басты себебі мұнда ақын:

Қашан, қайың,
Жетеді жаз? –

деп қайың арқылы өз арманын білдіргісі келеді. Яғни, «Қашан, қазақ, жетеді тәуелсіздік?» дегісі келеді. Жалпы, қай алашшыл ақын болмасын олардың тұспалды өлеңдерінде кездесетін «жаз» сөзінің ұғымы – ел бостандығы мен бақыты. Өйткені тамыры тереңге тартылған ерікті ұлт болу барлық алашшыл ақындардың ізгі арманы еді.


Табиғат құбылыстарын суреттейтін ақынның «Жазғы жолда» өлеңіне келсек, бұл шығармасы туралы С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген зерттеу еңбегінде «Дала» деп береді. Онда бұл өлең туралы «Бұл өлеңді жаяу жүргенде, кең даланы көріп жаза салған деуге бола ма? Әрине, әдебиеттен аз саңлауы бар адам дей алмайды. Неге жапан түзде, жолдассыз жаяу қалдым деп отыр дейсіздер? Әрине, саяси жолынан жазып қалғандықтан жазып отыр» деген пікір білдіреді.

«Жазғы жолда» шынымен де философиялық мәні жоғары өлең еді. Неге ол жалғыз, жаяу келеді? Негізінен бұл шығармада ақын өз қоғамына деген көңілі толмаушылығын астарлы түрде жеткізгісі келеді. Рас, мұнда ақын жалғыз қалады: Себебі ақынның үніне үн қосар жан жоқ. «Созылып ұйықтап жатар белі» – оянбаған елі. Оянса да қозғалуға шамасы жоқ.

Дала – өлік. Жоқ бір үн.
Жер де жатыр тұншығып...

Осылайша, ақын өлік тәрізді даласының, яғни, қамсыз жатқан ел-жұртының оянуына ниеті жоқтығын көріп, қиналады.

Айнала – өлім, ешбір үн...
Жапан түзде жалғызбын.
Перісі неге келмейді?...
Денесі атпақ, жалаңаш,
Көкпеңбек көз, сары шап
Сақ-сақ неге күлмейді?



Ақын «көкпеңбек көз, сары шаштының» сақылдап күлгенін қалап тұр ма? Жоқ, керісінше, кеудесінде оған деген ашу мен ыза, кек қайнайды.

Аңсап есім жсия алмай,
Көзімнің жасын тия алмай,
Өлсем екен тұншығып!—

дей отырып, ақын тұншығып өлуді де қаламайды. Көзіндегі жасының тиылмаған күйінде, тәуелсіздікті аңсаған күйінде өлуді де қаламайды. Ақын бір әрекет күтеді, армандайды. Қимылдағысы келеді, бірақ қол-аяғы бұзауда қалған сияқты болады. Айқайына оянған, аттанына ерген жан болмайды. Міне, ақын сондықтан жаяу, жалғыз қалады. Сары далада, яғни ел ішінде жүріп жалғыз қалғаны – өзі өмір сүрген қоғамға бойұсынбай жалғыз қалғаны.

Қысқасы, Мағжан өлеңдері зерттелген сайын зерттеуді қажет ететін, сырына үңілген сайын тұңғыық болып көрінетін жұмбақ әлем.

(Жалғасы бар)

Гүлзат Дәуігәлі
Филология факультетінің
3-курс студенті

Сәкен Сейфуллиннің «Түс» өлеңіндегі тілегі

Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы, жалынды ақын, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин 1914 жылы қазақ жастарының демеуімен «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағын шығарады. Ақынның жастарды оқу-білімге шақырғаны, олардың алдағы күндерінде жақсы өмір сүруіне арналған арман-тілектері, өзінің ақыл-кеңестері осы жинақта айқын көрінеді.

Сәкен Сейфуллиннің «Өткен күндер» жинағының ішінде айрықша назар аудартатын шығармасы – «Түс» өлеңі.

Түсімде жапан түзде кезіп жүріп,
Қорғансыз бір бақшаға келдім кіріп.
Аяныш түсті ойыма сол арада,
Қуарған ағаштардың түрін көріп.

Осылайша, ақын қорғансыз бір бақшадағы қураған ағаштарды түсінде көргенін айтып, оларды былай сипаттайды:

Семіпті сұры кетіп ағаштары,
Көгерген жапырақ жоқ – бәрі сары.
Жаздыгүні қурапты сорлы бақша,
Болмаса жаратушы хақтың жары.



*Жайқалып көкпеңбек боп тұрған толып,
Көк шалғын сулап жатыр құқыл болып.
Қызылды-жасылды боп желкілдеген,
Гүл-шешек түрі кеткен құрап-солып.*

Жаздығүні мезгілсіз жапырағы сарғайған ағаштар, құраған бақшалар, түрі кетіп солған гүл-шешектер, көкпеңбек боп жайқалған көк шалғындардың құқыл тартуы жақсылықтың нышаны емес екені тағы да түсінікті. Осы түсі арқылы ақын нені меңзегендей? Ақын тіліндегі қорғансыз бақша – отар елге айналған қазақ елі, бақшадағы ағаштар, шалғындар мен гүл-шешектер қазақ топырағында тіршілік етуші түрлі адамдар деп ойласақ, өзі туып өскен мекені, ондағы ел-жұртының хал-жағдайының айтарлықтай мәз еместігін айтқысы келетіндей. Тіпті, оларды алдағы үмітінен күдер үзген жандар секілді бейнелейді. Сөйтіп, еркін өмір сүрген халқының отаршылдықтың салдарынан аянышты халге түскенін тұспалдап жеткізгендей.

*Ағаштың көзім түсіп жастарына,
Мен бардым жөн сұрауға қастарына.
Салбырап ой ойлап тұр көк шыбықтар,
Бір қайғы түскендей-ақ бастарына.*


Ақынның енді ағаштардың ішіндегі жас көк шыбықтарға көзі түседі. Мұндағы көк шыбықтар – балғын, балауса жастар. Ал келесі өлең жолдары сол жастардың мұндай күйге түсу себебінің бір шетін аша түсетіндей.

*Сұрап ем бір шыбықтан жөн-жобасын,
Шыбық сорлы тұқитып төмен басын.
Сыбырлап, ақырын ғана жауап берді,
Ағызып екі көзден ыстық жасын.*

*Шыбық айтты (шаққандай ғып ішкі сырын):
«Белгілі бақша екенбіз бұдан бұрын»,
Әр түрлі ағаш, гүл, шешек – бәрі де өскен.
Адамзат таң қалғандай көріп түрін.*

Ақын жастардан бұл көріністің жөн-жобасын сұрағанда, сорлы шыбықтардың, яғни, жастардың көздерінен жас ағып, еңселері түсіп тұнжырайды. «Белгілі бақша екенбіз бұдан бұрын» дей отырып, «Барлық адамзат таң қаларлықтай мықты, айбынды, батыл да батыр бабаларымыз, әйгілі би-шешендер мен оқымысты гұламаларымыз бар белгілі де атақты ел болған екенбіз» деп ішкі сырын ақтара түседі.

*Ынтымақсыз иеміз болғаннан соң,
Жанжал қып, харап қыпты бір-бірін
Түсіпті қараңғылық сонсың бізге,
Хақ тәңірі аяғандай бізден нұрын...*



Бұл өлең жолдарынан жастардың мұңайған жүзінің себебін аңғарамыз. Мұнда олар «ел басшыларымыздың бірлігі жоқтығының салдарынан ел-жұрт бақытсыздыққа ұшырады. Міне, содан бері Алла тағала еліміз бен жерімізден нұрын аяп, тек қараңғылық қаңарын төгіп келеді» дегенді айтып тұрғандай. Алайда мұның бәрі ақынның жасай гана түсі еді.

Оянып түсті ойыма өткен уақыт,
(Елестеп көз алдыма жас пен бақыт)
Шынымен қайран бақша өшкені ме,
Жайнаған гүлдер өсіп кең «пайтахім»?!

Енді ақын көз алдына бұрынғы уақыттағы бақытты елестетті де, «Шынымен қайран бақша өшкені ме» деп бойына бір қорқыныш ұялап, үміті үзілгендей болады. Яғни, Сәкен Сейфуллин 1914 жылдары бір кикілжің жағдаяттардың болатынын сезінген. Өйткені осы кезеңдерде қазақтардың табанды қарсылықтарына қарамастан Ресей империясының өктемдігі күшейіп, олардың жерлері қоныс аударған орыс шаруаларына беріле берді. Халықтың күнкөріс жағдайы төмен болды. Осындай қорқыныштың ең алдыңғы қатарында 1914 жылы бірінші тамыздағы бірінші дүние жүзілік соғыс тұрды. Міне, осындай болып жатқан алай-дүлей заманнан ақынның жарқын болашаққа деген үмітінің оты сөне берді.


Бірақ «Алланың құдіреті күшті» деген сеніммен үзілген үміті қайта лаулап:

Көк шыбықтар көбейсе тал боп жетіп,
Көркейтер сонда бақша, қайғы кетіп!
Я, Алла! Жеткіз сорлы жастарды» – деп
Тіледім, шыбықтардан үміт етіп.

дей келе өлеңін аяқтайды.

Мұнда ақын көк шыбықтардың көбейіп тал болса, бақшаның көркейетініне сенеді. Және сол жас шыбықтарға үміт артады. Яғни, оқу-білімі молайған, ұлт намысын қорғайтын жастар көбейсе, олардың жер жүзіне шуақты күндерін шашып, кең байтақ елімізді тәуелсіз ететініне зор үмітпен қарайды. Жаратқан Алладан сол жастардың келешегін тілейді.

Клара Қарсыбаева
Филология факультетінің
3-курс студенті



Оралхан Бөкей «Мұзтау» повесіндегі екіұдайлықтың көрінуі

Екіұдайлық мәселесі қазақ әдебиетінде соңғы кездері жарыққа шыққан прозалық туындылар арқылы көрініп жүр. Бұл – бір тұлғаның санасын екіге жарып, оны өз-өзімен айтыстыру, таластыру арқылы өмірдің сан түрлі қырларын, қоғамдағы саяси-әлеуметтік, рухани, өзге де келеңсіздіктерді, адамның өз болмысындағы қайшылықтарды, тағы басқа жайттарды тереңінен ашып көрсету үшін суреткерлер тарапынан қолданылатын аллегориялық тәсіл. Бұл жөнінде «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романы» деген мақаласында /15-21 қаңтар, 2010ж./ ғалым С.Қасқабасов та айта келіп, мынадай пікір білдіреді: «Қазіргі әлем әдебиетінде орныққан үрдістің бірі - адамның екіге жарылып, бір-бірімен айтыста, таласта жүріп, өмірдегі әрқилы оқиғалар мен қоғамдағы жағдайлар туралы қарама-қайшылықты пікір айтып, екі түрлі өмір кешуі. Сөйтіп, бір кейіпкер екі адам болып, өзінің ішкі болмысын, көңіл түпкірінде жатқан ой-сырын ашып, күрделі образға айналады. Осы образ арқылы автор өзінің азаматтық позициясын танытады».


Кейіпкерлердің екіге жарылуы мәселесі ХХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап қазақ прозасында бірішама орын ала бастады. Дәл осы тұста және бұдан кейін жазылған жазушылар туындыларында адамның өз ортасын, өзін-өзі жатсынуы, қоғамдағы сан алуан оқиғаларға көңілі толмай, екіге жарылуы секілді мәселелер кеңінен көрініс тапты. Дегенмен, екіұдайлық қазақ әдебиетінде дәл осы кезде ғана пайда болып, сол кезден бастап қана көркем туындыға енген дүние емес. Қостұлғалылық – қазақтың бай ауыз әдебиетінен бері қарай келе жатқан көркемдік тәсілдердің бірі. Бұл жөнінде С.Қасқабасов өзінің «Әдебиет пен фольклордың байланысы» деген көлемді зерттеуінде тоқталып өтсе, зерттеуші А.Мәуленов Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романындағы екіұдайлық мәселесін «Жұлдыз» журналында /2011, №3/ талдай келіп, «...бұл көркемдік тәсіл қазақ әдебиетінде бұрыннан қолданылып келе жатқан үрдіс. Бұлардың түп-төркіні мифологиядағы: тотемистік, магиялық, анимистік және т.б. нанымдар мен сенімдерге барып тіреледі» дегенді айтады. Бұған қазақ халқының бай ауыз әдебиетінде ертеден бері келе жатқан бір адамның өз-өзімен басқа бір жануар немесе өзге адам кейпіне еніп, әр түрлі мәселелер төңірегінде айтысуын жатқызуға болатын секілді. Мәселен, «Жұманазар ақынның домбырамен айтысқаны», «Жұманазардың атпен айтысқаны», «Жұманазардың қарғамен айтысқаны», «Тоқты мен қасқырдың айтысқаны», «Шолақ сиыр мен иесінің айтысы» тәрізді ауыз әдебиетімізде сақталып қалған айтыс түрлері бұл сөзімізге дәлел бола алады.

Сондай-ақ әдебиеттегі кейіпкердің екіге жарылуы секілді тәсілді ХХ ғасыр басындағы кейбір қазақ жазушыларының туындыларынан да көре аламыз. Мысалы, М.Әуезовтің «Қаралы сұлу», «Қасеннің құбылыстары», М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімелеріндегі бас кейіпкерлердің іштей өз-өзімен алысуын, тартысуын, соның нәтижесінде екіге жарылып, екіұдай күй кешуін байқаймыз.

Ауыз әдебиетінде алғаш көрініп, кейін ХХ ғасырдың басындағы қазақ прозасында біршама орын алған екіұдайлық тек араға бірнеше жылдар салып, өткен ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап қазақ жазушыларының прозалық туындыларында көркемдік тәсіл ретінде қайта қолданыла бастады. Бұл тәсілдің әдебиетте сол қалпы кең көрініс тауып, тұрақтай алмауының да өзіндік себептері бар еді. Кеңес дәуірі әдебиетіндегі бірден-бір тәсіл социалистік реализм болды. Бұл тәсіл суреткер атаулының бәрінен кеңестік өмірдің жарқын жақтарын, өндірісті, жұмысшылардың қажырлы еңбегін, т.б. мадақтаған туындыларды өмірге әкелуді талап етті. Әдебиетке осындай қатаң шарттардың қойылуы тек жалаң ұраншылдық пен мадақтауға құрылған, Кеңес үкіметінің жетістіктерін, Кеңес адамының адамгершілік болмысын танытатын туындылардың ғана келуіне ықпал етті. Адамның ішкі дүниесіндегі сан түрлі қайшылықтарды, түрлі психологиялық ахуалдары мен жан түпкіріндегі тебіреністерді, санасында болып жатқан алуан түрлі өзгерістерді суреттеуге көп мән берілмеді.

ХХ ғасырдың соңғы ширегінен бастап бұл олқылықтардың орны толтырылып, шын мәніндегі адамның жан-дүниесінің сан түрлі қалтарыстарын ашып суреттеген көркем туындылар келе бастады. Осындай туындылар қатарына 1970 жылдары жазылған жазушы Оралхан Бөкейдің «Мұзтау» повесін жатқыза аламыз.

«Мұзтау» – екіұдайлық тәсілі қолданылып жазылған туындылардың бірі. Мұнда да кейіпкер бойындағы екіұдай күйді байқаймыз. Повестің бас кейіпкері Ақтан – елден тыс, саяқ ғұмыр кешетін жан. Алпыс үйлі бір ауыл түгел аудан орталығына көшкенде қаңырап қалған мекенде анасымен жалғыз озі қалады. Елден шеттетіліп, өз ортасын жатсынған Ақтанның бойынан ерекше қасиеттерді байқаймыз. Бас кейіпкердің өз ортасынан бөлектеніп, жалғыз ғұмыр кешуінің де себептері бар. Бала кезінен Аршалы ауылының жалғыз қариясы Асан шалдың аузынан естіген ертегілерге ол бала жүрегімен шын сенетін. Ғұмыр бойы көрмеген, көрсем деп армандайтын әкесі жайлы да деректерді сол ертекімі қарияның айтуы бойынша білетін. Асан шал айтқан сан түрлі ертегілер бала кезінен Ақтанның көңіліне берік ұялаған. Әркез сол ертегілерді, сол өтірік ертегілерімен ауылдың бала біткенін елітіп отыратын қарияны есіне алып, терең ойға бататын. Сонау артта қалған бақытты да пәк, уайымқайғысыз сәби күндерін үнемі сағынатын. Асан шалдың өтіріктері мен ертегілеріне бала жүрегімен сенген Ақтан сол шалмен бірге бүкіл ертегі атаулының



да бірге кеткенін ұғатын. «...— осы күннің балалары ондай әлде өтірік, әлде шын әңгіме айтып, бейуақытта жас қиялын тербейтін өтірікші шалдар азайған сайын қатыбастаным, хатқа жүйрік болғанымен жаны күйрек болып барады-ау. Қазір біз балаларды білімге үйретеміз, бірақ табиғатты сезінуге үйретпейміз. Сондықтан ой-өрісі өсіп, сезім-түйсігі бықсып бара жатыр; сондықтан да қатал, аяушылық сезімінен жұрдай», - деп тебіренеді ол.

Ел ішіне «аң», «кісікүйік» аталып гұмыр кешкен Ақтан кей сәттері өз-өзімен Аңшы және Ақтан болып, екіге жарылып, айтысқа түсетін. Туындыда Ақтанның ең алғаш іштей айтысуы Көккөлге кеп түскен сәтінен басталады. Оның екіге жарылып, екіұдай күйге түсуі санасынан, еркінен тыс жүзеге аспайды. Кейіпкердің бойындағы екі «мені» оның өзі білген халде, өз қалауымен айтысқа түседі. Елден тыс қалып, ортасын жатсынған Ақтан кей сәттері өзімен-өзі болып, жалғызсыраған сәттері жаратылыс, өмір, туған халқының тағдыры, өз өмірі мен бүгінгі жасай-күйі, адам болмысы туралы тебіреніп, іштей тартысатын. Осы тұста қостұлгалылықтың бір ұшы жатсыну мәселесімен де астасып жатқанын байқаймыз. Ақтанның бойындағы екі меннің туындау сырын зерттеуші Ж.Жарылғапов «Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер» еңбегінде оны жалғызсырау, ортаны жатсынуымен байланыстыра келіп, былай дейді: «...Ақтанның бойындағы Ақтан – тұлғаның детерменделген қыры да, Аңшы – тұлғаның жатсынған қыры». Әйтсе де, бас кейіпкер қоғамды түбегейлі жатсынып кетпейді, адамның баршасына жек көрініс сезімімен қарамайды. Егер солай болған болса, ол Айгүлдей гашығын нәзік бір ерекше сезіммен аялай сүйе алмаған да болар еді. Алдағы бар өміріне пір тұтар, сенер тәңірісінің біріне Тәңірқоймасын, екіншісіне шын сүйген гашығы Айгүлді санайтын.

Кейіпкер өз ортасын жатсынып, өмірге, қоғамға, адам болмысына көңілі толмай, шарқ ұрып, екі қарама-қарсы ойдың жетегінде жүріп, бір байламға келе алмаған сәтте екіге жарылады десек, Ақтан бойынан да осы жағдайды аңғаруға болады.

Өз өмір жолын әлдеқашан таңдап, бар рухани тазалықты, рухани биіктікті табиғат аясынан тапқан Ақтаннан әлі де болса бір шешімге келіп тоқтай алмаған толқымалы күйді байқаймыз. Оның екіұдай халі де сол күй әсерінен туғандығы сезіледі. Санасында шырмалған сансыз сұрақтар мен қайшылықты ойларын бір арнаға тоғыстыра алмаған кейіпкердің екіұдай халі арқылы жазушы өмір жайлы, адамгершілік мұраттар мен қағидалар жөнінде оқырманына ой тастағысы келеді. Ақтан өз бойындағы екі «меннің» біріне толық ере алмай, үнемі өзімен тартысқа түсіп отырады.

Бас қаһарманның екінші «мені»-«Ақтан» оның қазіргі өміріне наразы. Жұрттан безген тіршілігін сынайды. Асан шалдың ертегісіне сеніп, соның соңың қуған әрекетіне мысқылмен қарайды. Ал оның алғашқы «мені»-«Аңшы» бұған қарсы дәлелдер айтады. Ол мыңдаған адам арасында жүріп те жалғызсырауға болады. Өзінің бұл жүрісін ешбір жанға қиянат жасамай, ешкімге




жауықпай, адамгершілік мұраттарды, рухани тазалықты мәңгі сақтап қалуға тырысудан деп түсіндіреді. Ал «Ақтан мені» ел ішінде ғұмыр кешкендердің бәрі бүлінген жан емес, сенің ертектеріңнің ешкімге қажеті жоқ, ертеkteгі дүниелердің бәрі әлдеқашан жасалып, іске асып жатыр дей келе, оған әлдеқайда пайдалы іспен шұғылдану жөнінде кеңес береді.

«Аңшы мені»: «Меніңше, дүниедегі ең пайдалы іс сол дүниеге жалғыз рет келіп, жан тапсыратын адамдарға қиянат жасасамау. Егер орталыққа көшіп барсақ, сөз жоқ өзімізге дұшпан табар едік» деп өзінің осы тіршілігінің мәнін түсіндіргісі келеді. Ақтанның «Аңшы мені» ақыл-білімнен гөрі сезімді көбірек бағалайтын тәрізді. Себебі, қиянат, зорлық-зомбылықтың бәрі де білімді, оқыған-тоқыған жандардан шығады деп түйеді. Ақылдың өзі ақымақтық жасау үшін жаралғандай деп топшылаған ол, адамның ақылынан гөрі сезімін тәрбиелеу әлдеқайда маңызды деген ойдың жетегіне ереді.

Ал «Ақтан мені» шектен тыс әулиеліктің, мұндай тазалықтың ешкімге қажеті жоқтығын айтып, оның «кісікіік» өміріне наразылық білдіреді. «Аңшы» керісінше, «кісімәшін» болғаннан «кісікіік» боп өмір сүргенді мақұл көреді. Мұнда жазушы «кісімәшін» сөзін алып отыр. «Кісімәшін» – Ақтан секілді «кісікіік» жандарға бүкіл болмысы қайшы, бар адамгершілік қасиеттері мен ізгі сезімдерін дүние мен байлыққа, пайдакүнөмдікке айырбастаған көкірегі соқыр жандар. Ақтан осыны іштей сезеді. «Кісімәшін» болудан безініп, өмір бойы ертекті емін, рухани азық көріп жүргені де сондықтан. Жалғыз бір ғана кейіпкер Ақтанның бойына орныққан екі «мені», яғни Ақтан мен Аңшы сұлулық, қорқыныш, үрей сезімдеріне келгенде де бір ымыраға келе алмай, қақ бөлінеді. «Аңшы мені» адам бойынан қорқыныш сезімі жоғалса, азғындайды, адамгершіліктен безеді десе, «Ақтан мені» керісінше, адамның ештеңеден үрейленбей, тайсалмай өмір сүргенін құп көреді.

«Ақтан» – кейіпкердің өмірге икемдірек, аярлық пен құлық-сұмдыққа жақын «мені». Ол барлық жерде тек тура жүріп-тұруға, үнемі шындықты жақтауға қарсы, реті келсе отірікті де, айланы да қажетіне жаратып, өмірден керегіңді барынша қармап ала білу керек деп түсінеді. Бұл ой Көккөлде Ақтан мен бейтаныс жан арпалысқа түскен сәтінде де бой көтереді. «Аңшы мені» жалынып-жалбарыну, құлыққа басу секілді жәйттерді теріс санап, өмір мен өлім арпалысқан сәтте де өз күшіне сеніп, айла мен жалтақтауға бой алдырғысы келмесе, «Ақтан мені» өтірік мүләйімсу мен жалынып-жалбарыну, құлыққа басып, басын сауғалаудан да жалтармайтынын байқатып салады. Қысылтаян сәттегі бір кейіпкердің іштей екіге жарылған екі ойы, екі түрлі пікірі, екі түрлі ұстанымы арқылы жазушы оқырманға өмір шындығын, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдықтың мәңгі тайталасын танытқысы келеді.

Өзінің өмірлік ұстанымына адал, тек таза тұрып, таза жүруді көксейтін, адамдарға тек жақсылық қана ойлауды көздейтін бас кейіпкер бір ғана сәтте ашуға бой алдырып, үлкен күнәға батады. Жан дегенде жалғыз досы ДТ-



ға қиянат жасайды. Өкініш өзегін өртеген Ақтан ДТ-ның жары Жесірге қол ұшын беру мақсатында өзі өмір бойы табынып келген қағидаларынан бас тартады. Туындыда Тәңірқоймасына түсер сәтте өзімен-өзі соңғы рет айтысқа түскен ол өз ырқын екінші мені «Ақтанға» жеңдіреді. Жамандық атаулыдан беземін деп елден жырақтаған Ақтан «екінші меннің» дегенімен жүріп, алапат мол байлыққа ие болуды және сол арқылы өзгеге де көмектесу мақсатын көздейді. Бір ғана сәт ішінде өзі бүкіл саналы ғұмырында пір тұтып келген мұраттардан бас тартқандай да болады. Алайда, мұз құрсаңдан ұңгірге түсіп, өмір мен өлімнің арпалысқан сәтінде ғана «бұған дейін алаңдайтын ештеңем жоқ, өлімге сапар шегуім де оңайға түсер» деген ойда болған кейіпкер өмірдің қанишалықты қымбаттығын сезініп, ол үшін жан дәрмен күреске түседі.

Өзге жұртқа еш қиянат жасамаймын, ешқандай дұшпаным болмасын деген ойдың жетегіне еріп, өмір бойы адамгершілік мұраттарды ту етіп келген жігіт қаниша жамандық атаулыдан жырақтап, елден безіп ғұмыр кешсе де, «Қанның» оған деген жаулық әрекетінен сытылып шыға алмай, шеңгеліне ілігеді. Қаниша қашса да, зұлымдық атаулы бәрібір оны қай жерде де өкшелеп қалмай қуып жүретінін ұққан Ақтан одан қашқаннан гөрі, адамдар арасында жүріп жамандықпен алысқанды жөн санайды.

Сонымен, жазушы Оралхан Бөкей бұл повесінде бас кейіпкерін екіұдай күйге түсіріп, санасын екіге жару арқылы өмірдегі, қоғамдағы сан түрлі қайшылықтардың бетін ашып, жақсылық пен жамандықтың, ақ пен қараның қай кезде де, қай жерде де бітіспейтін, ымырасыз күресін танытқысы келеді. Ізгілікті пір тұтқан Ақтан бейнесімен адамгершілік мұраттарды, рухани тазалықты ұлықтайды.

Айгерім Абдибаева
Филология факультетінің
4-курс студенті

Төлен Әбдіков «Парасат майданындағы» тұлғаның екіге жарылуы

Тұлғаның екіге жарылуы, яғни, бір адамның бойындағы жамандық пен жақсылықтың, ізгілік пен зұлымдықтың күші сынасуы әдебиетте бұрыннан кездеседі. Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқышы» атты еңбегінде «...адам бала күнінде тысқы ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді ғана танумен болады. Есі әбден кіргенше өзгеден айырмайды. Есейген сайын өзгеден басқалығын біліп, өзіне ұнағанын істеп, ұнамағанын істемей, қиықтық шығара бастайды... Өз алдына мұңы, мұраты, мақсаты, мүддесі болып, сол мұрат-мақсатына жету талабына кіріскен жерде тысқы ғаламға



тиісті жердің шегіне келіп, ішкі ғалам мен тысқы ғалам екеуі кездеседі. Сонда ішкі ғаламның ниетіне тысқы ғаламның шарттары тура келмей, екеуі ілінісіп ұстаса кетеді» деген болатын. Бұл жерде ғалым адамның сыртқы дүниесі мен ішкі жан жүйесінің арпалысын, өзара қақтығысын айтып отыр. Дегенмен де дәл осындай құбылыс тұлғаның жан дүниесінде де көрініс табады.

Мұхтар Әуезов те өзінің «Адамдық негізі – әйел» атты тұңғыш мақаласында «Адамда екі түрлі қылықтың жолы бар: бірі – тіршіліктің қамы, бірі – адамшылық жолы. Барша дүниедегі пайда – мақтан әуелі басыма болса, немесе туысқаным, ең болмаса аталасым болса деп неғұрлым өзіне қарай тартып талап қылу, бұл бір ғана тіршілік қамын көздеген хайуани салахият деп айтылады. Екінші, менен жақсылық тарап, адам баласына әлім келгенше пайдамды тигізсем екен деген жол. Бұл – инсаният, яғни, адамдық жолы» деп жазады. Бұл әдебиет теориясында екіұдайлық немесе тұлғаның екіге жарылуы деп те аталады. Ал мұны постмодернизм әкелген жаңалықтың бірі деуге болады.

Төлен Әбдіковтың «Парасат майданы» деп аталатын повесі – осының дәлелі. Аты айтып тұрғандай, парасат дегеніміздің өзі адам бойындағы ізгі қасиеттердің жиынтығы емес пе?! Оны Абай атамыз «жәуәнмәрттілік» деп атап, ілім қалыптастырды, яғни ізгілік пен парасаттың ілімі.

Жазушы кейіпкердің аузымен былай суреттейді: «Мен ойлаймын: мына заманда қалыпты жағдай мен шектен тыс құбылыстың мидай араласып кеткен тұсында дерт пен денсаулықтың ортасына шекара қоюы мүмкін емес. Айталық, бір тісің аузыңа сыймай кетсе – патология, ал кеше ғана күйіп-жанған ғашықтар мен қанды көйлек достар аяқ астынан бір-біріне опасыздық жасап жатса – патология емес, бұл тіршілікке тән қалыпты жағдай». Ал мұнысы, яғни, жан дүниесі арпалысқа түскен күнделік иесінің ойдың шегіне жете алмай, басын қатырған мыңдаған сауалдарға жауап таппай қиналуы – сана қақтығысының әсері.

Автор шығармаға арқау етіп екі эпиграф алған, екі эпиграфтың да арқалайтын жүгі жеңіл емес:

«Қайда жатыр мәселе –
Иә өмір, иә өлім,
Десе де,
Лайық па көндігу тәлкегіне тағдырдың,
Қарсы тұрып немесе
Ұшан-теңіз нәубаттың
Көзін жойған дұрыс па
Жан алысып, жан беріскен ұрыста?!
Содан кейін бақилыққа көз жұму,
Түнек қылып жарықты,
Бар дүниеден безініп,



Жан мен тәнді күйзелдірген
Сан мың ауыртпалықты
Жалғастырған, байластырған
Шынжырларды осылай,
Үзгеніңді жүрегіңмен сезініп.

(Уильям Шекспир Гамлеттің монолоғи)

Сен жақсылықты жамандықтан жасауың керек, өйткені оны жасайтын басқа ештеңе жоқ.

(Роберт Пенн Уоренн)»

Бірінші берілген эпиграф – абсолютті ізгілікті қалайтын күнделік иесінің жан айқайы. Естеріңізде болса, Шекспирдің Гамлеті де өгей шешесін өлтірмеуші болып, екіұдай күй кешеді. Қай жолды таңдарын білмей, өмірді ме, әлде өлімді ме, өмірді таңдаса тағдырдың тәлкегіне көндізуі шарт, адамдық қасиеттерінен айырылып өмір сүруі қажет, ал адалдық пен адамгершіліктің жолында жанын пидә ету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сондықтан Гамлеттің жаны қиналып, парасат майданында арпалысып жатқаны. Күнделік иесі де сол секілді «...Бүгінгі әлеуметтік мінез-құлық: өзінен басқаның бәрін иттің етінен жек көретін өлермен өзімшілдік, жексұрын мақтаншақтық, жаны ашымас қатыгездік, мейірімсіздік, иштарлық патология емес пе?» деп жан күйзелісін танытады. Және өз сөзінде Сократтың мына бір сөзін дәлел ретінде келтіреді: «Сенің патшалардан айырмашылығың не?» деген сұраққа Сократ: «Олар өз бойларындағы құмарлықтың құлдары, ал мен сол сезімдердің патшасымын».

Күнделік иесі өмірде не бірыңғай жақсы жол, не жаман жол болады, сол жолдың біреуін ғана таңдауға мүмкіндігің бар дегенді айтады. «Адамгершілік деген қалаған кезде кіре салатын есігі ашық тұрған иесіз үй емес, үлкен рухани жігерді, төзімді қажет ететін, шарты қатал, кіруі қиын сәулетті гибадатхана». Өте дұрыс айтылған философиялық мәні зор келелі пікір. Ол гибадатханаға кіруге көп адамның жүрегі дауаламасы хақ. Олай дейтін себебім, Аллаһ тағала адамды топырақтан жаратып боп жанындағы періштелер мен жындарға қарап: «Мынау – адам. Сендер осы адамға қызмет қыласыңдар, алдында бастарыңды иіңдер», – депті. Сонда шайтан: «Менің тұқымым асыл, мені оттан, ал оны топырақтан жараттың, сондықтан басымды имеймін» депті. Сол сәттен бастап, оны Аллаһ өз ордасынан қуып жіберген көрінеді. Сол кезде шайтан «мен пенделердің ішіне кіріп, азғырамын, балаларын әкесіне қарсы қоямын, қызғаныш отын қоздырамын, олардың өзімшілдігін өздеріне қарсы басты құрал ретінде қолданамын» деген екен. Кей сәттері адам санасындағы жомарттық пен сараңдықтың, адалдық пен арамдықтың соғысы



тамырында зыр жүгіріп жүрген, тынысында дем алатын иманымыздың әлсіздігінен шығар деп ойланамын.


Күнделік иесі Ф.Ницшенің мына бір сөзін керемет келтіреді: «Қиянат жасаудың мың түрі бар, ал қиянат жасамаудың түрі біреу-ақ, ол – қиянат жасамау». Шын мәнінде адамзат жаралғалы бері жер бетінде қиянаттың қанша түрін ойлап тапты, бір-бірінің жанын жаралап, кез келген сәтте сатып кетіп, алдап-арбап өмір сүріп келеді. Екі аяқты пенде өзін жаратқан Аллаһтың құлы екенін ұмытпағаны дұрыс, қиянатқа тек қиянат қана жауап беретінін естен шығармау керек.

Ф.Достоевский «Сенім жоқ жерде ізгілік те жоқ» дейді, демек, адамзат сене білуі керек және оны жүзеге асыра білуі тиіс. Кермек ойдан жаның ауыратынын ұмытпағанымыз әсте дұрыс. Ал бейтаныс құрбының ұстанған бағыты мүлдем өзгеше. Өмірде жақсылық пен жамандық қатар өмір сүреді және олар бір-біріне ауысып отырады дейді. Яғни, «жақсылықты жамандықтан жасауың керек, өйткені оны жасайтын басқа ештеңе жоқ» деген ой тастайды. Ол «мысалға суды алайық» дейді, «ол – тіршіліктің қайнар көзі. Сусыз адамдарға тіршілік жоқ, яғни ол – янь, енді қараңыз ауылдың сыртында бөгет болса, егер сол бөгет бұзылса, ауылды су басып, халқын әбігерге салар еді, яғни ол кезде су иньге айналады» дейді. «Жаман деп жүргенімізді жақсы деуге батылымыз жеткен күні біздің өмірімізде ұлы кезеңдер басталады» деп Ф.Ницшенің сөзін дәлел етіп келтіреді. Бұл сөздің мәні өте үлкен екенін ескерсек, қамшының сабындай қысқа өмірімізді мәнді де, мағыналы етіп өткізуге тырысар едік. Менің пікірімше, өмір атты алпауыт кемеде жамандық пен жақсылық ескі сәттерден айырылмас мәңгілік дос секілді, ал пенделер осы екі достың қостаушылары ғана. Сынақ үшін берілген жалған дүниеде осы екі достың қайсысын таңдасаң да мүмкіндік береді, бірақ Аллаһ қай досты өзіне үлгі тұтады, соны қадағалауымыз керек.

«Өмір дегенің қашан да кемеңің апаты» дейді Ганди. Иә, өте дұрыс айтылған. Сынақ мерзімі біткенде сенің де ең соңғы тынысың бітеді. Ал сынақтан сүрінбей өту тек адамгершіліктің сәулетті жибадатханасына кірген адамның ғана қолынан келеді.

Жалпы, шығармадағы тұлға санасындағы ой арпалысына қарап отырсақ, кез-келгенімізді о бастан ойландырып келе жатқан сұрақтар екен. Және ол сұрақтың жауабы да әр адамның жүдырықтай жүрегінің түкпірінен табылады деп ойлаймын.

Данагүл Алниязова
Филология факультетінің
4-курс студенті




Ғабит Мүсірепов әңгімелеріндегі ана тақырыбы

Біз сенім артқан, тура жолға бастайтын нәзік жандардың, біз білетін ақ кимешекті, ақ жсаулықты, бесік тербеткен қайран аналардың бейнесі қазақ әдебиетінде толық ашылды деуге әбден болады. Олай деуімізге Ғабит Мүсіреповтің ана тақырыбына жазған шығармалары түрткі болды. Жазушының ана тақырыбына баруы Максим Горькийдің әсерімен болғаны белгілі. Гуманист жазушы Горькийдің адам деген ардақты атты жоғары бағалауы, өмірге рух себуші, тіршілік иесі аналардың қоғамдағы рөлі Ғабит Мүсіреповке үлкен ой салды. Бұл жөнінде жазушының өзі былай деп мәлімдеген: «Горькийдің тақырыбын, жазу әдісін ұғынам деп талаптанғанымда ұшы-қиыры жоқ кең байлықтың ішіндегі ең бір негізгі саласы күшті адам екен деген қорытындыға келдім... Құлақта ертеден бір әңгімелер жүретін еді. Горькийдің «Аналарын» қайта бір оқығанда сол әңгімелерім тіріле бастады. Көп ойланбастан-ақ Горькийдің аналарында да, өзімде бар әңгімелерді де қағазға түсірдім». Осыдан келіп ол М. Горькийдің «Адамның анасы» және «Өлімді жеңген ана», «Ана кесімі айнымайды» атты әңгімелерін аударып, өзі де «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Ақлима» атты әңгімелерін жазды.

«Ананың анасы» атты әңгімесінің мазмұны ел арасына кең тараған аңыздан алынған. Мұнда елді шауып, жазықсыз жас қызды зорлап алып бара жатқан батырды қыз анасының сөзбен тоқтатып, жеңгені, сөйтіп, оның қызын жсау қолынан азат етуі баяндалған. Шығарманың мазмұны, Әйтпелес ақсақалдың «етектей сақалын балуан саусақтарымен салалап тарап» қойып өткен өмір оқиғасын баяндауынан басталады. Әңгімеде намысқа шабар білегі, әділетті таныр жүрегі бар, бірақ ел әкімдерінің алдауына түскен аңғал батыр Жалпақ балуанның Бала бидің қолшоқпары болуы, жүрегі жарып шыққан қызының тағдырына шырылдап арашасы бола білген абзал ананың өзгерткізі айтылады.

Ғабит Мүсіреповтің «Ашынған ана» әңгімесінде жалғыз баласының жасын асырып жазып, майданға қара жұмысқа жібермек болған болыс пен оның қолшоқпары Қарасақалға Қапияның пышақ салып, түрмеге түсуі, онда 17 ай отырып, ақыры оны большевиктердің түрмеден босатуы баяндалса, «Ананың арашасы» атты әңгімесінде Антоновтың ақ бандыларының қазақ ауылына ат ойнатып, жазықсыз жандарды атып-асуы, Нағиманы «большевик балаңды тауып бер» деп соққыға жығуы, ананың жан азабына шыдап бағып, ақтар армиясының солдаттарының шымбайына батар сөз айтып, солдаттарды өз командиріне қарсы қоюы, ақыры олардың Антоновты өлтіріп, Қызыл Армияға қосылуымен аяқталады.

Ғабит Мүсірепов Ұлы Отан соғысы жылдарында да ана тақырыбына қайта оралып, екі әңгіме жазды. «Ер ана» әңгімесінде жсау басып ал-



ған селода ауру немересімен қалған Наталья ананың партизандар көмген минаны жарып, неміс офицерлері орналасқан мектеп үйін өртеп, ормандағы партизандарға қосылуы суреттелсе, «Ақлима» әңгімесінде жалғыз ұлы соғыста ерлікпен өлген ананың майданнан мүгедек болып оралған Сапар деген жігітті асырап алып күтуі, оны өз баласы Қасымнан кем көрмеуі баяндалады.


Ұлы Отан соғысы жылдарында эвакуациямен Украина, Ресей жерлерінен келген орыс, неміс, шешен, ингуш, татар балаларын қазақтардың асырап алуы көп болған. Ал қол-аяғы бірдей шөрке боп қалған жауынгер жігітті туған анасындай болып күту гуманистік ұлы жүректің ғана қолынан келетін қасиетті іс-әрекет еді. Жазушы осы арқылы ана жүрегінің кеңдігін, махаббатының молдығын асқан суреткерлікпен бейнелейді...

Ғ.Мүсіреповтің әңгімелеріндегі «Қапия», «Нағима», «Наталья», «Ақлима» секілді аналар өздерінің тәрбиелік қуаты жағынан, тәлімі жағынан күрескер бейнелерімен бара-бар тұрады. Қаламгердің әгімелерінде жасалған озық адамдар бейнесін аналардың өшпес тұлғалары байыта түседі. Сондықтан, ана тақырыбы да жаңа тақырып, ана образдарын да күрескерлер образы деп қарауға әбден болады.

Ана туралы әңгімелердің тілдік кестесі де әдебиетіміздің алтын қорына қосыларлық кемел көркемдікті танытады. Мұнда неше алуан тапқыр, шешен сөз айшықтарын кездестіруге болады. Әдебиеттің негізгі материалы тіл десек, сол байлықты суреттеп еркін меңгерген. Бұл жағынан ол халқымыздың көркемдік дамуына да өз тарапынан сыбаға қосып келе жатқан жазушының бірі. М.Горький айтқандай, тілдің небір асылы мен ақығы халықта жатады. Соны уақытылы іздеп ерінбей екшеп таба білген суреткерлер ғана табысқа жетпек. Халықтың тіл байлығын жете меңгеру жөнінде Мүсірепов шығармашылығы көптеген қаламгерлерімізге өнеге бола алады.

Қорыта айтқанда, Ғабит Мүсіреповтың ана туралы әңгімелері қазақ әдебиетін тақырыптық жағынан да байытқан, жазу мәнері жағынан өзгеше өрнек әкелген бағалы шығармалар.

Алмас Дүйсенбиев
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің
2-курс студенті




Балалар басылымдарында жарық көрген жұмбақтар

Қай елдің де келешегі күні бұрын қам жасауына, алды-артын байыптап, болашағын болжап жоспарлауына байланысты. Бұл орайда әдебиеттің қоғамдық санаға пәрменді ықпалы туралы арғы-бергі замандағы ойшылдардың бәрі де жеткізе айтқан, таусыла да айтқан. Әр дәуірдің өз ерекшелігі, соған орай өз жауапкершілігі, міндеті бар екенін ескерсек, әдебиетке де қойылар талаптар үнемі жаңарып, өзгеріп отыратынын шамалаймыз. Әдебиетіміздің әр кезеңдегі құбылыстары атап айтатын болсақ, тарихы, жанрлары, байланыстары, жеке шығармашылық өкілдері туралы аз айтылған жоқ. Бірақ неге екені белгісіз, әдеби жұмбақтарға жеткілікті дәрежеде әлі күнге назар аударылмай келеді.

Балалар басылымдары – «Балдырған» мен «Қазақстан пионері»/кейін «Ұлан», «Ақ желкен», «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ», «Бала би», «Балапан», т.б. дүниеге келіп, мыңдаған балғындарға ұсынылып жатқан шақта, сол туындылардың асылы қандай, жасасығы қандай, бүгінгі балғындарға не ұсынып отыр, көркемдік ерекшеліктері көңілдегідей ме, балаларды отаншылдық, ұлттық рухта тәрбиелеуге сүбелі үлес қосып келе ме, әлде жұмбақ жазуға қаламгерлеріміз іші пысқанда немесе қолы тигенде ғана ат ізін сала ма деген сыңайдағы сауалдар күн тәртібінде екені талассыз.

Өйткені жұмбақтың балалар үшін өмір танытқыштық мәні, соған сәйкес тәрбиелік мәні де айрықша. Бағзы замандағы жұмбақтар адамзат баласының дүниені тану, тіршілік ету үдерісінде ынталы ойынан, талапшыл қиялынан туындағаны белгілі. Өмірлік таным-тәжірибеге, көркемдік таным-тәжірибеге «өз» үлесін қосып, рухани өсуге ықпал етіп келе жатқаны айқын. Әу баста үлкендер де ермек еткен жұмбақ жанрындағы туындылар келе-келе әсіресе балалар үшін көбірек қызықты, қажеттірек «мөлдір бұлаққа» айналды. Халық ауыз әдебиетінің жекелеген жанрлары замана көшіне ілесе алмай, дәлірек айтсақ, бүгінгі күні қажеттілігі айрықша болмағандықтан, өткен күннің аясында қалып қойды. Ал жұмбақтың өлмей-ошпей, қайта түлеп жандануы ең алдымен рухани қажеттілікпен сабақтас. Өйткені адамзат қашанда өз болашағына немқұрайды қарамаған. Қазіргі таңдағы тәуелсіз заманда тәрбиенің көздері – мектеп, балабақша т.б. Сондай-ақ ақпарат құралдары, ғылыми әдебиет, көркем әдебиет, баспа орындары т.б. балалар тәрбиесіне қызмет етеді.

Ал балалар әдебиеті – әдебиетіміздің тамырын тереңге жайған өзіндік саласы болса, жұмбақ – сол әдебиеттің көркемдік нысанасы мен бейнелік әлемі өзгеше, шағын жанры. Жұмбақтың қуаты мен қызығын, қадірін терең сезінген әдебиетіміздің алыптары өз кезінде бұл салаға мүмкіндігінше көңіл бөліп, фольклор үлгілерін, оның ішінде жұмбақтарды да жинауы және



жариялауы – кейінгі ұрпақ үшін де тағылымды, қызықты құбылыс. Мәселен, сонау жиырмамыншы жылдары балалар әдебиетіне де қалам тартқан М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин сияқты классиктеріміз халық жұмбақтарын жинап жарияласа, одан кейінгі кезеңдерде де бұл талап толас тапқан жоқ.

Балалар басылымдарының ашылуына байланысты әдеби жұмбақтардың қоржыны томная бастады. Қазақ балаларына арналған әдеби жұмбақтар қазынасына А.Тоқмағамбетов, Ө.Тұрманжанов секілді аға буыннан кейін М.Әлімбаев, Ә.Табылдиев, Қ.Мырзалиев, М.Жаманбалинов, К.Баянбаев, Ж.Смақов, С.Қалиев, Е.Елубаев, т.б ақындар үлес қосты. Балалар ақындарының әдеби жұмбақтары мәселелерін арнайы зерттеу керек.

Әдеби жұмбақтардың жанр ретінде аяғынан тік тұрып кетуіне әсіресе ықпал еткен – балалар басылымдары. Осы басылымдар балаларға не ұсынып отыр. Сыр-сипаты қандай деген мәселелер ертеңін ойлайтын кім-кімді де селсоқ қалдырмаса керек. Осы тұрғыдан қарасақ, «Балдырған», «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ», т.б балалар басылымдарында жарық көрген жұмбақтардың саны да, сапасы да әр түрлі екеніне көз жеткізу қиын емес.

Ғылым мен техника дамыған сайын адам баласының өмір сүру мәдениеті жоғарылаған кейінгі кезеңде көптеген өзгерістер болғанын жұмбақтардың тақырыбынан, мазмұнынан көреміз. Заман ағымымен келген жаңалықтарды, ғылым мен техника атауларын жасыруда ізденіс бар:

Ала таяқ ұстаған,

Жол тәртібін нұсқаған.


Жүргізуші үріккен,

Ысқырығы күшті адам. /Шешуі: МАИ қызметкері/

Ертеде мұндай қызмет болмағандықтан, бұл жұмбақ – әрине, бүгінгі күннің төлі, жаңалығы. Осы жұмбақ та, алдыңғысы да балғындар мен балдырғандардан гөрі жеткіншектерге қызықтырақ. Бес-жеті жастағы бала үшін «бақша-бақша» – күрделі, «МАИ қызметкері» тіпті қызықсыз. Ал жеткіншектің ой-өрісі одан гөрі кеңірек. Сол себепті қызыушылық көкжиегі әлдеқайда кең, МАИ-дің «құдіретін» де етпен білуі әбден мүмкін. Бұлайша тоқталып отырған себебіміз – қай замандағы жұмбақ болсын, балалардың әр буыны үшін әртүрлі үлгілері болғанын ескеру. Осы ерекшелікті балаларға арналған басылымдар үнемі ескерсе деген тілекті еске салу.

Фольклор жұмбақтарына тән ерекшеліктер әдеби жұмбақтарға да тән. Атап айтқанда, біріншіден нақтылықтың, деректіліктің басымдығы, екіншіден нәрселерді жекелеп, бөліп айтуы, үшіншіден сыртқы белгісіне, көрінісіне қарауы, төртіншіден атқаратын қызметін аңғартуы бар. Сондай-ақ бір-біріне жақын заттарды жұптап, қосақтап айту да кездеседі.

Жұмбақта тұспалдап, мегзеп бейнелеп айтқанға қызығатындар – көбінесе балдырғандар мен жеткіншектер. Қазіргі ақындар жұмбақтардың күрделі әрі



тізбекті түрлеріне көшкен. Алайда кейде ақындар талаптарды ескермейтіндей әсер қалдырады. Кейбір жұмбақтардың өлең өлшеміне, поэтикалық құрылысына қарасаңыз, жасөспірімдерге арналатындай. Жұмбақтарға тән қысқа да нұсқа, жинақы болу шарттары сақталмайды. Бұған мысалдар балаларға арналған басылымдар беттерінде де, ақындарымыздың жинақтарында да ұшырасады:


Қанаты – жапырақ,
Көздері бадырақ.
Үрген ішек бейнесі.
Торсылдақ кеудесі.
Ұшпайтын ұзаққа,
Ойыншық ұшаққа,
Ұқсайтын пішіні,
Ол ненің мүсіні?

/Шешуі: инелік. «Балдырған», 2008 ж.-№4, 17-б./

Осы тіршілік иесін – инелікті сипаттау үшін оның түр-тұлғасын, қимыл-әрекетін, қайда, қалай тіршілік ететінін білу шарт екенін автор ескергені көрініп-ақ тұр. Яғни, айналадағы заттың не құбылыстың өзіндік белгілерін танытуда жұмбақтардың қосар үлесі мол екенін білетіні айқын. Дегенмен, келтірілген мысал тілге де, ұғынуға да ауыр. Жәндіктің – инеліктің тек өзіне ғана тән белгілерін қысқа да нұсқа көрсетуге болар еді. Алайда біздің оқығанымыз – шұбалаңқы, бір тармақ пен екінші тармақтың байланысы осал, сондықтан тұтас өрімі әлсіз. Түсініксіз, екіұшты немесе дүдәмәл баламаларды ұғыну қиын. Инелік үрген ішекке ұқсай ма? Кеудесі қалай торсылдақ болады. Торсылдақ болу үшін ішіне ауа кептеліп, тырсылдап, ісініп тұруы қажет. Ал, инелік ондай емес қой. Инеліктің ұзаққа ұшатынын, ұшпайтынын бала қайдан біледі? Бала түгіл ересек жобаласа да маңайлап ұғынуы қиын мұндай тіркестер, «ұзаққа» мен «ұшаққаның» байланысының осалдығы жұмбақты «әлсіреткен». Ұйқасы әлсіз немесе арасына ұйқассыз тармақтар түсіп кеткенде, жаттауға қиындық тудыратындығына тағы бір мысал келтірейік. Балаларға арналған тартымды туындыларымен танылған Ө.Ақыпбекұлының «Суда жүзетін ақ маржан» атты жұмбағын оқып көрейік.

Бидайға ұқсас масағы,
Бірақ жалғыз қатарлы.
Дән қауызы тізілген
Нәзік мұрт шашағы...
Дәнді, нәрлі, ырысты ол.
Суда көктеп, жерде өнер,
Бұл дақылды..... дер.

/Шешуі: күріш. «Ақ желкен», 2005.-№12, 20-б./



Ырғағы, ұйқасы, шумағы бар, өлеңмен жазылған жұмбақ. Көп нүкте қойылған бос орынға ұйқасатын сөз тапса, жұмбақтың шешуі табылады. Осылайша сөзді жасырып, табылашақ сөзді шешуі ретінде табуға баланы талпындыру – әдеби жұмбақтарымыздың өзіндік жаңалығы. Алайда, абайламаса, таразы басынан мұлт кету әп сәтте екені осындайда байқалады. Дәлелдейік. Жұмбақтың тақырыбының өзі дүдәмалық тудырады. Суда жүзетін емес, қалқытын деген дұрыс. Себебі, жүзу қимылды білдіреді. Ал күріш жүзбейді, «қалқып» тұрады. Сол сияқты «дән – қауызы тізілген», «бірақ жалғыз қатарлы» деген тіркестерді де бірден ұғыну қиын. Дәнді, нәрлі, ырысты сияқты анықтауыштардың үстемелете қолдану да балдырғандардың ұғымына ауыр. Әрине, бұл мысалды алға тарта отырып, әдеби жұмбақтарымыздың бәрін нашар деуден аулақпыз, арасында сәттісі де аз емес.

Фольклормен салыстырғанда әдеби жұмбақтардың түрлері көп. Сатира-лық жұмбақтар, әріп жұмбақтар, логикалық қызық жұмбақтар т.б балалар басылымдарынан табылады. Мысалы, «Ақ желкенде» /2010.-№ 11, 17-б./ мынадай қызықты жұмбақтар бар.

• Оқушылар не үшін соғысты жек көреді? /Тарих оқулығы қалыңдап кетпесі үшін/

• Аңшылар нысанаға алғанда, неліктен бір көзін жұмады? /Екі көзін жұмса, ештеме көрінбей қалады/

• Әйгілі «Мона Лиза» картинасы қайда ілулі тұр? /Қабырғадағы шегеде/.

Осындай қызықты сұрақтарды жұмбақ ретінде қабылдай аламыз ба? Мұны қызықты жұмбақ деуден гөрі қызықты сұрақтар немесе қисық сұраққа қисық жауап деген атау берген дұрыс шығар. Қазіргі таңда ақындардың мектеп оқушыларына әріп, буын, сөз үйрету үшін құрылған метаграмма, логогриф тәрізді түрлерін ұсынуы орынды. Сондай балаға әліпби үйретуде маңызы бар бір-біріне ұқсас әріп жұмбақтар «Балдырғанда» жарияланып тұрады. Бұл орайда белгілі ақын Е.Елубайдың ізденістерін атап айту қажет.

Табақта жоқ,

Кісиде бар.

Қабақта жоқ,

Кеседі бар /«С» әрпі. «Балдырған», 2007.-№10, 30-б./

Бұл жұмбақта автор баланың жас ерекшелігін ескерген. Сонымен бірге, әріп жұмбақтың мынадай түрі де назар аудартады. Әріп жұмбақтың «Тарихи тілашар – әліппе» деген рубрикамен келетін үлгісін де «Балдырғаннан» көреміз.

«А» әрпі

Ұраны не қазақтың?

Қорғап өткен қырағы,

Орман, тауын, бұлағын



Айта қойшы, шырағым

Қазарымның ұранын /Алаш/.

Осы жердегі «тарихи тілашар» деген атауды қалай түсінуге болады? Біздіңше, «тарихи» деген анықтауыш артық. Тарихи роман, т.б. болушы еді. Өткен күндер туралы сөз қозғалса болды, тарихи бола бере ме? Гәп – мазмұнда ғой. Тілашар мазмұнына, нысанына қарай алуан анықтама сыйлай берсек, ұтамыз ба деген сауал да ойға оралмай қалмайды. Бәлкім, рубриканы «Тілашар» деп атау керек те болмас. Әліппені, әліпбиді енді үйреніп жүрген балдырғанға ұран, қырағы, әйгілі, өзі аспап, әуенді тәрізді сөздер, 5-6 тармақтан тұратын ұзақ жұмбақтар ауыр емес пе? Рас, нысаны қажетті, салмақты. Алайда бүлдіршіннің ойлау деңгейін ескеру де қажет.

Тұтастай алғанда, әдеби жұмбақ саласында мол табыстарымен қатар сәтсіздіктер аз емес. Ол қандай сәтсіздіктер? Қазір авторлар мен басылымдар үнемі биік талап деңгейінен көрінеді деу қиын. Әдеби жұмбақтардың қалыптасуына, өсіп дамуына фольклор өзіндік әсер ықпалын тигізгенін бірнеше арнаға бөлген дұрыс. Бірінші, халық аузындағы ежелден келе жатқан жұмбақтар ауызша туып, ауызша тарап, ауызша сақталған соң көп варианттылық немесе ұқсастықтар көп болуы заңды. Ал жазба әдебиет өріс алған кезде авторлы жұмбақтар дербес, дара шығармашылықтың жемісі болуы керек емес пе? Халық жұмбақтарының ізімен, тәсілімен бұрынғы туындыларды қайталайтын немесе бірден еске салатын әдеби жұмбақтар ақындарымыздың жетістігі ме, әлде кемшілігі ме? Мұның – өзі жеке, үлкен мәселе.

Сонымен, жұмбақ – адамзат баласының дүниетанымын кеңейтуге, ойын ұштауға, тапқырлық пен ұтқырлыққа баулитын балалар әдебиетінде ойын тұрып орын алатын ерекше жанр. Бала тәрбиесіне өзіндік үлесі бар жанр үлгілерін кәдеге жаратып, ұлттық рухани байлығымызды еселеу бүгінге де, болашаққа да керек-ақ. Ұлт болашағы – жаңа жас буын болса, ең әуелі ұрпақ тәрбиесіне баса көңіл аудару – заман талабы. Шәкәрімнің «Жұмбақ ермек үшін, уақыт өткізу үшін айтылмайды, адам баласының тапқырлық, сезімталдық қасиетін ұшқырлау үшін тәрбиелік мақсатқа айтылуы қажет, сондықтан оның айтылуы мен шешілуі де өзара дәл келуі керек» деген пікірі бүгін үшін де ескірмегенін ескерсек дейміз.

Жадыра Мауезжанова
Филология факультетінің
4-курс студенті



Ганс Христиан Андерсен ертегісі

Ганс Христиан Андерсен – дат жазушысы, ақын, әлемдік әйгілі ертегілердің авторы.


Ол «Гадкий утенок» ертегісін 1843 жылы жазған. Алғаш рет 1843 жылы 11 қарашада жарияланып, кейіннен дат тілінен орыс тіліне Анна Васильевна Ганзен аударды. Осы ертегімен қоса басқа да ертегілердің сюжеті бойынша Уолт Дисней, Союзмультфильм киностудиолары мультипликациялық фильм түсірген.

Бұл ертегі Ганс Христиан Андерсеннің өз өмірбаянына ұқсайды және ертегідегі басты рөлдің прототипі – автордың өзі. Осындай көзқарастар мен пікірлер молынан кездеседі. Өйткені, автордың өз өмірі дәл сол ұсқынсыз үйректің өмірімен ұқсас болған. Оның замандастрының айтуы бойынша, Андерсеннің бойы ұзын, арық, өзіне ғана тән жүріс-тұрысы бар, аяғы жіңішке әрі ұзын, аяғының өлшемі де, мұрны да ерекше үлкен болған. Яғни, автор өз өмірінің бір бөлшегін осы ертегі арқылы беріп тұр. Оның биографиясына сүйенсек, Андерсеннің балалық шағы кедейшілікте, жастық шағында театрға жұмысқа орналасуды армандаған ол, осы Алланың берген сыртқы бет-әлпеті, көрінісі үшін талай қиындықтарды бастан кешіріпті. Адамдардың оған деген көзқарасы сыртқы бейнесі үшін ғана, тіпті бала кезінен бастап оны мазақтаған екен.

«Үйректің ұсқынсыз балапаны» ертегісінде балапан үйректің өмірге келісімен-ақ ұсқынсыздығы үшін өмірден көп қиындық көретіні баяндалады. Бауырлары тіпті анасының өзі бұл балапаннан бас тартады. Бүкіл қоғам теріс айналады. Балапан жалғыздық сарынын басынан өткереді. Алайда уақыт өте бұрынғы ұсқынсыз, сұр үйректің баласы нағыз әдемі аппақ аққудың өзі болып шығады.

Бұл ертегідегі құстардың өмірін адамдардың өмірімен ауыстырып қарасақ, көптеген адамзат өміріндегі маңызды әрі ерекше орын алатын мәселелерді көруге болады. Оның ең бастысы – адамның сыртқы көрінісі, түрі, киімі емес, оның ішкі жан дүниесі. Егер де сырттай киінген адамның сыртқы келбетіне қарап, оны сол үшін сыйлап келіп, ал енді сөйлескен кезінде онымен әңгімең жараспаса, не болмаса онымен әңгімелесу, сырласу, бір тақырып жөнінде сөйлескің келмесе, ол адамның рухани азығы аз дегенді білдереді. Ал бұл неге келіп тіреледі? Әрине, білімділікке, адамгершілікке, ізденушілікке, имандылыққа кеп тіреледі. Өйткені, білімді адам қазіргі заманның талабы мен сұранысына сай болады.

Балалар әдебиетіне қосатын бұл ертегінің тәрбиелік жағы – адамның сыртқы көрінісіне қарап емес, оның адамгершілік қасиеттеріне, тәрбиелілігіне көп мән береді. Балалар бұл ертегіні оқып, одан кімді алсаң да, мейлі ол ұсқынсыз болсын, мейлі бір жерінде қандай да кемшілігі болсын, сондай адамдардан



да ұлы не керемет нәрсе шығу мүмкіндігін тани алады. Өзінің ең жақын достарының бірі – Эдвард Коллинге жазған хаттардың бірінде « Ең тыныш таптаза көлдің өзінде де қандай тереңдік бар екенін ешқандай сұңғуір білмейді» деп жазады.

Ертегіде «жаман» құбылыс – «үйректің ұсқынсыз балапаны» болса, «жақсы» құбылыс – «аққулар». Ұсқынсыз үйректі бәрі жек көріп, оған қолын шошайтып, құс атаулы оны жатсынса, аққуды керісінше, бәрі жақсы көріп, оның бейнесіне сүйсініп қарайды. Бірақ, бұл – жаман нәрсенің бәрі жаман немесе жақсы заттың бәрі жақсы деген сөз емес. Жаманның да жақсы жақтары, дәл сол сияқты жақсының да жаман жақтары болады емес пе? Сондықтан да бұл екі қарама-қайшы құбылыс үнемі қатар жүреді.

Ганс Христиан Андерсеннің балаларға қалдырған мұрасы өте бағалы әрі өшпес мұра болып қалады. Оның шығармалары тек Дат елінде ғана емес, бүкіл әлемге әйгілі болды. Әлемді жаулаған Андерсеннің ертегілері көптеген басқа тілдерге аударылды

Ганс Христиан Андерсеннің ертегілерін қазіргі күнге дейін балалар сүйіп оқып, мультфильмдерін қызыға көреді. Мен де оның ертегілерін оқымасам да, оның мультипликациялық, фильмдерін қызығып көретінмін. Андерсен тірі кезінде «Үйректің ұсқынсыз баласы» болса, да кейіннен оны бәрі «Ертегілердің ханзадасы» атандырды. Ең бастысы – оның ертегілерінің барлығы өмірдің бір заңдылығын сипаттайтындай етіп жазылған.

Айнұр Оспанбек
Сүлейман Демирел
университетінің 2-курс студенті



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРА ҚЫЗДАРЫ

Ана тәңірлері: *Ұмай, Табити, Анахита, Сиванму, Ай-қаған, Йымак, т.б.*

Скиф-сақ дәуірінің әйелдері: *Томирис, Амазонкалар, Зарина, т.б.*

Дала тарихында көне түркі кезеңдерінің әйелдері: *Эши, Боарикс, Акаса, Катун (Хатун), Елбілге-Қатун, Себек-Қатун, Күңі-Тіріг, Тай-Хэ, т.б.*

Ұлы дала тарихындағы түркі-мұсылман кезеңінің әйелдері: *Дүдгонша, Хұтақ –Қтаун, Оғыз – Қатұны, Айша Бибі, Гүлайым, Чжень, Төребек-Ханым, Теркен-Хатұн, Хаджжаджи, т.б.*

(жалғасы бар)

Ана тәңірі



Түркілердің «Ұмай ана» түсінігінде әйел тегіне деген текті ұғым жатыр. Көне түркілердің мифологиясында «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебейтін періште саналады. Бізге жеткен деректерде ерте дәуірде Алтай тауын мекендеген түркі жұрты құрық бойы қар жауған бір қатты қыста қырылып қалады. Осы қақаған аязда Айсұлу атты қыз бөстекке оранып аман қалады. Оны Алтайдың уңгірін мекен еткен Аю батыр тауып алып, Айсұлуды сұлқ жатқан жерінен Ұмай ананың көмегімен тірілтіп алады. Көп ұзамай Аю батырдан Айсұлу жүкті болады. Аю батыр үйде жоқта толқақ қысқан Айсұлуды Ұмай ана жебеп, бір ұл, бір қызды дүниеге әкеледі. Содан түркі қауымы рулы елге айналып, бүгін-

ге күнге жетеді /Қазақтың мифтік әңгімелері/ Құраст.: Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева. Алматы: Ғылым, 2002/. Көне бұл аңыздан ұғатынымыз «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебеуші мейірімді рухани күш саналады.




Сақ дәуірінің әйелдері

ТҰМАР (Томирис) – Тұран патшасы Афрасиябтың қызы. Патшайым болып ел басқарған батыр қыз. Тұмар (Томирис) ханша (б.з.б. 570-520) – күнгей түркі сақ халықтарының байырғы заманда ел билеген атақты әйел патшаларының бірі. Грек жазбаларында оның елін «массагет» деп атайды. Тұмар ханша есімінің тарихқа еніп, әлемге танылуы Ахемен әулетінен шыққан, «төрт құбыланың тұтас билеушісі» атанған парсының әйгілі патшасы Кирдің (б.з.б.558-530) Орта Азияға басқыншылық жорықпен келген, «жеңілуді білмейді» деп дәріптелген әскерін ашық шайқаста тас талқанын шығарып жеңуімен тікелей байланысты.

Тұмар ханша елбасылық ұлы тұлғасымен, қолбасшылық асқан ерлігімен елдің жүрегінде сақталған.



ЗАРИНА (б.з.б. IV з. аяғы V з. басы) – ежелгі сақ тайпасын билеген патшайым. Зарина есімі ежелгі Ассерия, Медия елдерінің Азиямен байланыс тұсында айтылады. Ол өзінің батылдығы, сұлулығы және ақылдылығымен дараланған. Сақ жеріне көз тіккен көрші патшалардың талайын жеңіп ел тұрмысын жақсартқан, көптеген қалалар салдырған. Зарина тағдырына байланысты туган «Зарина және Стриангия» атты жырда бар. Зарина өлгенде ел-жұрты оның басына үш бұрышты пирамида орнатып қастерлеген. Заринаның ерлік істері көне түркі тарихы мен әдебиетіндегі «Қырық қыз», «Баршын қыз» секілді жырдастандар мазмұны да келіп ұласады.



Әжеге наз
(эфирден көрсетілген бағдарламадан
соң туған ой)

Жалаңаштап жіберіп сан қырынды,
Мұңлы едім, мына қоғам зарлы қылды.
Қудай шашын қуарып, қайран Әже,
Қайда тастап барасың жаулығыңды?!

Күйің қайда керемет жарасымды,
Сыйың қайда ұрпаққа талас үлгі?
Саулығыңды сұрауға барғанымда,
Жаулығыңа бүркуші ең бар асылды.

Қырын қарап қалғандай ұят мәңгі,
Болашағың бұлыңғыр күй ақтарды.
Орға жығып кеткенде оңалдың ба,
Орамалға оралған ұяттарды?!

Ұмыт қалып тәлімі Ұмайлардың,
Шіркін уақыт, шыныдай шыр айналдың.
Жетпісінде желіккен тағдырлардың,
Тоқсанынан түңіліп, түн ойландым.

Қаскөй кезең танытпай Құбыланды,
Дін, ділінді, дәстүр-салт, тілінді алды.
Қайран Шеше-ау, өзің-ақ ойлансаңшы,
Жаулығыңнан басқа не құның қалды?!

Жарамыз көп сыздаған біздің әлі,
Қоғамға артып қоямыз жүз кінәні.
Ұлт мұратын ұмытқан әйелдерден,
Ұждансыз ұл, ұятсыз қыз туады.

Жалаңаштап жіберген бар қырынды,
Бүгініңнен қандай біз алдық үлгі?!
Көмілуге келгенде шешпеуші ме ең,
Өмірінде шешпеген жаулығыңды...
Әже?!

Өртеніп кетерсің... жолама!

Қайғыңды қайраған қай үміт?
Азайса, азайсын айтар ән.
Жолайрық тастаған айырып,
Жолдарға жолама қайтадан!

Ақтарма көмбесін жанымның,
Сезімге шөлдеген қайғы көп.
Моншағын тағармын лағыл-мұң,
Мол сағым оранған Ләйлі боп.

Менсіз де күні ертең жырлайсың,
Төзімнен тым ерте түңілме.
Бақшана бақ болып тұрмайтын,
Баяғы Баянмын бүгін де!

Сыйластық серті үшін келме енді,
Өзгенің бағына гүл еккің.
Дертіне дауа іздеп келгенді,
Көркіне жұттырған Жібекпін.

Кебекке кесір боп жабысқан,
Енді мен Еңлікпін ай кабак.
Бүгінге бұзылмай табысқан,
Тарихты қайтесің қайталап?

Батпандай жүк артып арына,
Арқалап тым артық айыпты.
Даланың жазылмас заңына,
Кешегі қыз Мамыр лайықты.

Пендеге мезгілсіз кеп қонған,
Тағдырдың тезінен озған кім?
Абайдың көңіліне дерт болған,
Талайы тауқымет Тоғжанмын!

Тендесі жоқ емес, тек әттең,
Пендесі пір тұтқан пешене.
Тұңғыық сезімнен дәметсең,
Мұң құйып беремін кесене.

Қарағым, қалмассың нәсіпсіз,
Үміттің өзегі сола ма?!
Жанарым – жалын өрт,
Жазықсыз
Өртеніп кетерсің... Жолама!!!

Найзабаева Айман
Абай атындағы ҚазҰПУ
Филология факультетінің
1-курс студенті

Дауа болса деймін жүрекке

Кеудемде менің жаным жатыр тұншығып,
Қапырық дала, жүрегім бірақ тым суық.
Ақтарсам ба екен, бірақ та кімге айтайын,
Жырымды тыңдар жан бар ма
екен құлшынып...

Жүрегімнен аулақ кетші, қайғы-мұң,
Түрім мынау жалғызсырап мен бүгін.
Шер, зарымды ақтарайын өзіңе
Өлең атты серігім-ау, кел күнім.

Мұң, құлазу толып қапты жүректе,
Керегі жоқ алтын, гауһар, жібек те.
Менде бәрі бола тұра жалғызбын
Тек бір дауа болса деймін жүрекке.

Илияс ата – ақындықтың абыройы

Күй – дауыл, соғып өтсе тұнжыратқан,
Күй - жауын, жан-жүректі сусындатқан.
Өмірдің өзегі боп жұлынбайтын,
Бейне бір айна көлдей тұнып жатқан.

Жырлаған күй-құдірет қасиетін,
Көтерген замананың қасіретін.
Күйшінің өзі болып күніренген,
Адамның билеп сөзбен ақыл-есін.

Күй – гажап, нағыз өмір белесіндей,
Қазақтың бөлінбейтін еншісіндей.
Күйменен күйші егіз, ұғым дара,
Күрсінген тарлан тарих шерлісіндей.

Сөйлеген өлең сөздің абызы боп,
Тынбайтын уақыттың дабылы боп.
Тұлпарға Құлагердей жыр арнаған,
Лаулаған қиянаттың дабылы боп.

Илияс ата – ақындықтың абыройы,
Ерекше терең болған таным-ойы.
Шолпандай жарық жұлдыз жыр әлемде,
Маржандай жарқыраған лағыл ойы.

Қазақтың өлмес мұра – асыл жыры,
Жалғасар сан ұрпаққа ақын сыры.
Ақын рухы ұлттымен бірге жасап,
Күн нұрындай төгілсін әрбір сөзі.

Мәкіш Жанат

Филология факультетінің

1-курс студент

Аңсаймын жыр жазып кетуді

*Кеудемнен шыға алмай тығылып,
Ойларым арқалай құбылып.
Өлеңмен беріліп жататын
Тағдырым сыйлайды бір үміт.*

*Мен ақын емеспін азулы,
Алатын асуым көп әлі.
Бірақ та кеудемде жүрегім,
Жыр десе қаттырақ соғады.*


*Жыр десе елеңдеп қаламын,
Қуанып жүзіндей баланың.
Жаратқан бір өзің жар болғай,
Қатайып келеді қаламым.*

*Апамыз Фариза секілді,
Аңсаймын жыр жазып кетуді.
Үлкеннен үйреніп жазатын
Өлеңім болсыншы көпке үлгі.*

Айжан Қожантаева

Филология факультетінің

3-курс студент




Өмір деген... нәзік сәуле

Өмір жайлы көп толғанам. Көп жазуға құштармын. Құштарлығымды қайтейін, өмірде түсінбейтін нәрсем көп. Көп сұрақ мазалайды. Солардың жауабын тауып, бір-бірімен орайластыруға мүмкіндігім жоқ секілді. Әрине, жоқ деп кесіп айтуға да болмас. «Туудың- өмірдің бітуінің басталуы екенін, одан кейінгі уақыттың өлімнен ұрланған уақыт екенін ұқтым» деген бірер ауыз сөзді біржерден оқығаным бар еді. Біз қаласақ та, қаламасақ та өмір сүруді үйренуіміз керек.

Өмір...

Алла тағала әр пендесіне жарық дүниені нәсіп етіп өмір сыйлайды. Сол сыйын мезгілі жеткенде өзі қайтіп алады. Әрине, сол екі ортада өмірдің ащысы мен тұщысының дәмін татасың, қуаныш пен қайғының қатар жүретінін ұғынасың. Өмірдің ақ және қара беттерден тұратынын түсінесің. Әрине, сіз мұндай қым-қиғаш, шытырман өмірде жалғыз емессіз. Сіз секілді он екі мүшесі бар пенделер көп. Әйтсе де адамның еркінен тыс жүретін табиғаттың өз заңы бар. Бір-бірімен байланысқа түсу... Сол пенделермен танысасыз. Ол адамдар да әр түрлі. Адамдардың ішінде жақсылар мен жамандардың болатынын көресіз. Ақырында жақсылық пен жамандықтың әр адамның сыртқы келбетінде емес, ішкі жан дүниесінде тұрғанын ұғасыз... Бір орында өспей, өшіп қалмай көшпен бірге ілгері жылжу керек. Әркімнің жылжуы әр қалай. Алға жүресіз. Жылжу барысында өмір жолындағы кейбір соқпақтарға төтеп бере алмай, тік өскен бәйтеректей емес, майысып өскен қара талдай қайысып, ақырында шыдай алмай кері қайтуды ұйғарасыз. Жо-жоқ, өмір сіздің дегеніңізге көне қоймас. Соңында өз-өзіңізге қарсы келуді де үйреніп, өмірде көп нәрсенің қалауыңыздан тыс болатынына көндігесіз... Қалауыңыздан тыс болғандығы соншалық сіз жалған нәрселерді қаламаған сайын, ой, шіркін-ай ол – «өтірік» тәтті бола түседі ғой! Ұзаққа созылмаған қуаныш. Амал қанша, тамағыңыздан кермек дәміндей кетпейтін шындық деген нәрсе бар. Ащы болғанда қандай! Алайда, күнделікті өзіміз пайдаланып жүрген ас тұзының тамаққа дәм беретіні сияқты ащы шындықтың да өмірге дәм беретініне бір сәт ой жүгіртіп қарап көріңізші. Мүжіліп қаншама жалғандықтың ортасында жүрсеңіз де, олардың мөлшері көп болса да түбінде ізгіліктің жеңетінін ешқашан ұмытпағайсыз...

Қара жердің қойнына кіріп, адамның екі көзін топырақ кеп басқанша бұл көздер тойымсыз ғой. Алайда, ең өкініштісі сол тойымсыз көздер адалдық, тазалық, қанағатшылық, мейірімділік, қамқорлық деген қасиетті де қымбат дүниелерді көрмей, арзанқол нәрселерге көз майын сарп етпек. Екі көз ғана емес кейбір жұмыр басты пенделердің жүректері де көр соқыр ма деп қаласың.



Жүрекке тән мейірімділік пен жылулықтың орнына талайлардың өмірін жалмаған қаһарлы боран мен қаңтардың үскірігі іспеттес суықтық жайлаған. Адам жүрегінің де осыныша суық болатынын байқадыңыз.

Бірақ та «өмір бар жерде өлім бар» дегендей бұл дүниеде ажалдан суық нәрсенің жоқ екені бәрімізге белгілі. Бұл суық бәрімізді қармап өтпек. Мұны білген соң өз ортаңызды, қозамды аялағыңыз келер, сондықтан әлемді аялай білу үшін ең алдымен өз-өзіңізді аялау керектігін үйрену шарт секілді.

Өмір деген...

Жалған тірлік кім-кімді де алдайды,

Құрығыңа сырығыңды жалғайды.

Бір-бірінен айла асырып жүргенмен,

Жер бетінде ешкім мәңгі қалмайды.

Осы жайды бәріміз де білеміз,

Біле тұра, ойнап және күлеміз.

Өз-өзіңмен ой толғауға мұрша жоқ,

Ертелі-кеш бос сабылып жүреміз.

Көз жұма, құпиясын айтатын,

Өмір деген, өмір деген осы да! –

деп, Айтқали Нәріков айтқандай, кеудесінде жаны бар, тірі пенде болған соң іске жасарарлық бір іспен машықтану керек шығар деп ойлаймын...

Сіз нені ұқсаңыз да, не нәрсені түйсініп, білсеңіз де мен алайда өмірде бір ғана нәрсені ешқашан ұғынып болмайтынымызды білдім. Өмірде не нәрсені қай жерде бұрыс, не дұрыс екенін алдын ала ешқашан біліп болмайтындығымызды, өмірімізде болған қай нәрсені болмасын ертерек білгенімізде өмірімізді басқаша өткізер ме едік..?

Бәлкім сіз мұның бәрін саралап, ойланып отырған боларсыз. Өйткені өмір сізді ойлауға да үйретті емес пе...? Көпшілігіміз алғаш қалаға келдік. Әрине, қала өмірі ауыл өмірінен әлде қайда алшақ өмір. Зәулім сарайлар, улы да шулы өмір. Бейтаныс бейнелер. Қу өмірдің күйбең тіршілігімен арпалысып, жанталасқан бір пенде.


Өмір, өмір, өмір жолы ирелең.

Күнделікті таусылмайды күйбелең,

Ерте шығып, сол ирелең жолменен.

Кеште шаршап ораламын үйге мен, –

деп Сырбай Мәуленов ағамыз толғанғандай, өмір деген күйбең тіршілік екендігіне тағы бір көзіміз жеткен секілді. Бірақ сол арпалыс ішінде қаншама жандардың өмір сүру үшін күресіп, маңдай терін төгіп еңбек етіп, қолдарынан келгенше жақсы өмір сүруге талпынғанын көріп қуансаң, қаншама жанның жаратқан иеміздің сыйға берген өмірін өз қолдарымен қор етіп жүргенін көріп қиналасың.



Біреу жетер межесіне жетіп, енді біреулер жығылып жатады. Не нәрсе де болмасын біреудің қолы ұзын, ал біреудің қолы шолақ. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» дейді. Бірақ та тазы бола алмай жүрген қолы шолақтар талай дүниемен күресуіне тура келеді ғой. Тазы болғанның көпшілігі осы заманғы жолбарыстың жон арқасына жармасып күнелткендер. Қиюы кеткен өмір. Яғни, миллиондаған тағдырлар.

Иә, қарап отырсаңыз өмір деген бір тулаған теңіз. Ашулы толқындары қатты кеп соққанда жағада мәңгі қалардай сезінесің. Тым қорқынышты дүние. Ал, адамдар сол бір теңізде еріксіз жүзген қуыс кристалл тәрізді көпіршіктер. Қай көпіршік қай жерге жетеді, сол бұйырған уақытына дейін Алланың берген ғұмырын кешері хақ. Ал енді осы көпіршіктердің біршамасы самалы ескен тынық теңізде, енді біреулері дауылды толқынның қаһарында қалып жатары анық.

Мен бүгін сіздерге «Өмір» дегенді сіздерге ұғындырам деген ойдан аулақпын. Сондай-ақ, менің «өмір» сөзіне белгілі бір анықтама беріп, теория қалыптастыруға хақым да жоқ. Тек қана өмір деген құпияға толы жұмбақ әлемнің қараңғы қапас, қара түнегіне жарық беріп, нұрын шашатын, тәнің мен жаныңды жылытатын, сөйте тұра тым қатты жақындасаң күйдіріп жіберердей құдіреті бар «нәзік қана сәуле» деп өз өлшемімді бергім келеді. Сөз соңында ақын Мұқағали Мақатаев ақынның мына бір өлеңі жолдарымен ұштастырсам деймін:

Өмір дегенге,
Тірлікте, сірә, жетер ме ой.
Жарық сәуледен
басқаның бәрі бекер ғой.
Бекер ғой бәрі,
Бекер ғой бәрі – ботен ғой.
Өмір дегенің –
Бір күндік «Сәуле» екен ғой.

Толқын Әбдіхалықова
Филология факультетінің
4-курс студенті

Студенттік өмірдің алғашқы күндері

«Қыздар, тұрыңдар, ей! Қыздар деймін, сағат сегіз болып қапты, туу кешігетін болдық-ау! Енді қайттік!» – деп шыр көбелек айналып, біресе төсегін жинап, біресе киімін іздеп шарқ ұрған Дананың дауысынан тәтті ұйқының құшағында жатқан үш қыз да орындарынан апыл-ғұпыл тұрып, топырлап



киіне бастады. Тек қана бейқам жатқан Арай ұйқысын қимастан басын сәл гана көтеріп сағатқа қарады да, көрпесіне оранып « – Тым болмаса бес минут жата тұрайын», – деп қайта ұйықтай бастады.

Беттерін асыға-үсіге жуып, қолдарына бір-бір сөмкелерін ұстаған қыздар сабақтарына қарай беттеді. Міне, нағыз қызығы мен шыжығы мол студенттік өмірдің басталып та кеткеніне екі айға жуық уақыт та болып қалды. Осы сәтті тым асыға күткен қыздар үшін барлығы да таңсық еді. Жаңа орта, жаңа оқу орны, жаңа достар бәрі де мүлде бұрынғыға ұқсамайды. Әсіресе, екінші үйге айналған жатақхана өмірінің жәні бөлек. Тәртіп қатал, бөлме қашанда тап тұйнақтай таза тұру керек. Үйдегідей түнгі он бірден кейін дәлізде ерсілі - қарсылы жүру деген жоқ. Бәрі де өз орнымен. Бірақ барлық жағдай жасалынған. Тек әке- шеше, бауырдың жәні бөлек екен, солар гана жетіспейді.

Ат төбеліндей, шап-шағын бөлмеде тұрып жатқан Шымкенттік екі қыз – Дана мен Шолпан және Қызылордалық қыздар – Жансая, Арай, Айнаштар сонша жерден мынадай үлкен қалаға оқу үшін келгендіктерін, оларға ата-аналарының үлкен сенім артып жіберіп отырғандықтарын да жақсы түсінеді. Бес қыздың табиғаты бес түрлі. Дана – ашық, жайдары мінезді, Шолпан – үндемейтін, үнемі қабағы түсіп томсырайып жүретін, өз ісіне өзі ұқыпты, Жансая – білімді, ізденімпаз, Айнаш – арсын-гүрсін, жалқаулығы басымдау қыз. Ал, Арайды айтып болмайсың, өн бойынан барлық қасиет табылады, өнерлі, әсіресе, шаш өру, тамақ жасауға келгенде алдына жан салмайды. Жаңалыққа жаны құмар, жатақханада қандай әңгіме қозғалсын, бірінші Арайдан естисің. Бұл мүмкін, қыздармен тез тіл табысып кете алатындығынан да болар.

Алғашында барлығы да өз төсектерінде тымырайып, тұнжырап, күнделікті сабақтарын оқып отыра беретін. Бертін келе бір-біріне қалай бауыр басып, етене жақын араласып кеткендіктерін де байқамай қалды. Сабақты да бірге оқиды, шайды да бір-бірінсіз ішпейді. Ұйықтар кезде әңгіме айтып, өз қызықтарын баяндаймын дегенінше түнгі бір де болып қалады. Таңертең ұйқыдан сағат сегізді болдырмай тұрмай жүрген беттері мынау.


Күндегі әдетімен сабағы аяқтала сала бөлмеге асығып алдымен Жансая келгені сол-ақ еді, артыныша есікті ашар-ашпас, бетін екі қолымен жауып алған Шолпан төсегіне құлай кетті. Іштей бұған не болған деп ойлады Жансая. Жылап жатқан сияқты. Расында да солай сияқты.

– Шолпан, саған не болған? Неге жылайсың? Сабақ қиын боп жүр ме әлде?

– ???

– Шолпан, не болды? Айтып жыласаңшы тым болмаса. Айтышы біреу ренжітті ме? Әлде мамаңды, папаңды сағындың ба? Солай ма?

– Ия... Жаңа сөйлескенмін телефонмен. Дауыстарын есітіп шыдай алмай кеттім...



– Жылама, қарашы жан-жағыңа. Бәрі сен сияқты қыздар. Мысалы, менің өзім де үйімді қатты сағындым. Бірақ шыдауға тура келеді, – Жансаяның да екі көзінен мөлт етіп, сағыныштың жасы тамшылап та үлгерді. Енді екеуі қосылып жылай бастағаны сол еді, бөлмеге Шолпан мен Дана да кіре келді.

– Ой, мыналарға не болған? Жылап отыр ма деймін, қарашы?

– Шынында да солай сияқты ғой. Не боп қалды қыздар?

– Бөлмеге кірсем Айнаш жылап отыр екен. Әкемді, анамды сағындым деп менің де үйімді есіме түсіріп жібергені. Шынымды айтсам, мен де қатты сағынып жүрмін, тіпті шыдай да алмай кеттім, – деді Жансая жыламсырап.

Әп-әдемі көңіл күймен оралған Шолпанның да, Дананың да көңілдері бір сәттің ішінде нілдей бұзылды. Дананың екі көзін жас торлап, төсегіне отыра кетті. Шолпан үндемеген, бірқалыпты күйінде терезе алдына барып, телміре даладағы әсем табиғатқа көз жүгіртті. Ойына нелер келіп, нелер кетпеді. Тіпті, есіне тәлімгерінің айтқан сөздері оралды: « Мен енді сендердің аналарың да, әкелерің де, ұстаздарың да боламын. Мақсаттарың тек білім алу, үкілеген үмітті ақтап шығатын болыңдар. Күн де суытып келеді, жылы киініп жүріңдер!». Осы сөздерді есіне алып Шолпан жылап жіберуге шақ қалған. Тура өзінің анасындай жылы жүзді, кең жүректі, нағыз әдебиет саласының маманы. Осындай жанның өзінің тәлімгері болғанына дән риза да еді.

Бөлмеде жайғасқан төрт қыз. Әркім өз-өз ойларымен әлек. Көңіл күйлері түсіп кеткен. Дәл осындай сәтте Арайдың қатты жетіспей тұрғаны сол-ақ екен, бөлменің есігін асыға ашып, ол да кіріп келді. Екі езуі екі құлағында. Көздері күлімдеп, өзіне еріксіз қарата береді. Бірақ мына қыздардың түрін көріп, өңі тіпті бұзылып кетті.

– Сендерге не болған, ұрысып қалғанбысыңдар? Маған айтпайсыңдар ма?

– Бәрін құртқан Айнаш қой.

– Айнаш?

– Мамамды, папамды сағындым деп, бәрімізді де жылатты.

– Солай ма? Мен де сағындым... Бірақ та қалай да сендердің көңілдеріңді табуым керек!


– Қалай? Не дедің?

– Сендерге айтар өте керемет жаңалығым бар. Естігенде қуанатын боласыңдар.

– Рас па? Тезірек айтышы онда.

– Былай ғой, Орталық алаңда үлкен концерт болғалы жатыр екен. Су тегін. Оны қойш, тағы бір айтатын бұдан да маңыздырақ, кереметі айтылмай қалды ғой!

– Білгіміз кеп барады, туу тезірек айтышы – деді қыздар жабыла шулап. Есіл дерттері Арайда. Өздерінің жаңа ғана жылап отырғандарын да ұмыта бастады.



– Шынымды айтсам өзім де айтуға асығып тұрмын. Білесіңдер ме концертке өзіміздің әншілері ғана емес, шет елдің танымал деген жұлдыздары да келеді. Шет елдің әншілерін өз көзіңмен көру дегенің нағыз керемет емес пе, иә? Қалай, барамыз ба сонымен?

– Қойшы рас па шынымен? Онда бәріміз бірге барайық!

– Иә, барсақ барайық, – деді Жансая да Дананы мақұлдап. Барлығы да келіскендей болды да, терезе алдында үнсіз отырған Шолпанға назарларын аударды. Үндемейді. Өзі қыздарға көп те ере бермейтін

– Барамысың, Шолпан?

– Барамысың деме, бәріміз бірге барамыз де.

– Шынымен де, Шолпан, осы сен көп те қосылмайсың зой бізге. Осы жолы бәріміз бірге барайықшы. Өз ортаңмен араласқың келмей ме?


– Ия, соны айтам-ау! Әрі көңілің де көтеріліп қалар еді. Қызық көріп қайтамыз – десті қыздар жапа тармағай. Айтылған сөздерден кейін, Шолпан да ойланып қалды. Қыздар дұрыс айтады. Қашанғы осылай жүре бермек?

– Жарайды, барсақ барайық. Тек кеш қалып кетіп, жатақханаға кіре алмай жүрмейік – деді жаймен ғана.

Сонымен, «тойдың болғанынан, боладысы қызық» дегендей концертке баруға қызу дайындық басталып та кетті. Тек бұлардың бөлмесі ғана емес, жатақхананың жартысы өздерінің ақ тер, көк тер болып киетін киімдерін реттеп, ертеңгі келер күнді асыға күтті.

Кеш. Ымырт түскен шақ. Әсем көрініс. Қала көшелері жап-жарық. Сол көшенің жанында сәнді киінген бес қыз аяқтарын бірдей алып, алаңға қарай асыға беттеп келеді. Осындай қарқындарымен ендігі жетуге де шақ қалды. Кенет Шолпанның көзі құмырсқадай құжынаған көп халыққа түсті. Шынында да концерттің болатындығы ақиқат сияқты. Осы сәтке дейін сенбеп еді. Мынадай көп халықты көріп күдігі сейілді. Бірақ концертке жиылған халық саны көп. Тым көп. Тіпті, ине шаншар жер жоқ. Қыздар қысылысып, қымтырылысып жүріп, қалың көпшіліктің ортасына кіріп кетті. Бірақ сахнаға жақындауға мүлде мұрша болған жоқ. Ол мүмкін де емес еді. Осылай концерт те басталып кетті. Ығы-жығы сапырылысқан халықтан көзге ештеңе көрінбейді. Сахнада кімнің сөйлеп, кімдердің ән шырқап жатқандары да белгісіз. Қызықтың көкесі енді басталды. Құдды бір көтеріліс болып жатқандай сезілді-ау. Мына жақтағы адамдардың қатты серпіні, тіпті, ұшырып жібере жаздады. Қыздар олай да, бұлай да әбден әбігерге түсті. Концертті көруді қойшы, мынадай сапырылысқан жұрт арасында тіпті аяқ алып жүрудің өзі арманға айналды.

Хош, сонымен, қалың көпшіліктің арасынан әрең дегенде қол ұстасып жүріп, қыздар да сытылып шықты. Не де болса, әйтеуір, мынадай ортадан аман-есен шыққандарына шүкіршілік білдірді. Бәрі құрсын, ендігі жерде жатақханаға кешікпей жетіп алуды көздеді. Айнаш болса, Арайға жыны шығып, шыдай



алмай күбірлеп сөйлеп те келеді. Бақыттарына орай, екі-үш аялдамадан соң, өздерінің жатақханалары. Сағатқа қарауға батылдары жетпейді. Не де болса жатақхананың есігі жабылып қалғанын білмесе де іштей сезінді. Себебі, бұл кез тура түнгі оннан бес минутқа ауысып бара жатқан шақ болатын. Тура бес минутқа кешікті.

– Ішке қалай кіреміз? Ендігі жерде жабылып та қалды ғой жатақхана. Далада қалып қоймасақ жарар еді, - деді Шолпан уайымға салынып.


– Осының барлығы сенің арқаңда болды, - деп Айнаш бұлқына Арайға қарады. Әрине, Арай өзін кінәлі сезінді, тіпті жанына қатты батты, солай бола тұра уақытты оздырмай, осы жағдайдан тез шығудың жолын іздестірді. Ойына түрлі әдіс-тәсілдер оралды, ең дұрыс деп тапқанын қыздарға айтып көрді.

– Қандай оймен айттың мынаны. Екінші қабатқа көтерілетіндей жсіп те жоқ қой. Бұрын қыздар көрпе тысымен де көтерілген екен. Бірақ біз бесеуіміз ғой, көрші қыздар да жоқ бөлмесінде. Тәуекел түбі – нар қайық, кеттік ішке! - деп Жансая бастап, бұлар жатақханаға беттеді. Сыртқы есікке екі-үш адым қалғанда, кезекші апайдың қатты ұрысқан дауысы естілді. Ашулы екендігін қатқыл үнінен-ақ байқауға болады. Бұлар да қанша жүректері дауаламаса да, амал жоқ, ішке кіруге мәжбүр болды. Дәлізде бүкіл бірінші курстардың басым көпшілігі қаз-қатар тұр. Бастары төмен түсіп кеткен. Бұлардың артында тағы да төрт қыз есікті қағар қақпас жайымен ғана кіре келді. Сонымен не керек, кезекші апай алғашында «кіргізбеймін» деп ұрысып, соңында тек бір жолға ғана кешірім берді. Бірінші курс болғаннан соң ғана. Соңында барлығына қарап тұрып:

– Енді кешігетін болсаңдар, мүлде ішке кірмейтін де боласыңдар! Әр бөлмеге бір аптадан кезекшілік беремін! Енді барып жатыңдар! – деді де, теріс бұрылып кете барды.

Міне, концертке барудың соңы осылай аяқталды. Ішке кіре сала Арай төсегіне құлай кетті. Ол өзін барлығына кінәлі санады. Енді бір апта бойы кезекшілік атқаратын болды. Яғни, қоқыстарды төгіп, еденді тазалау қажет. Шолпанға осы болған оқиға жайында жаңа шығарма жазу туралы жаңа ой келді. Бұл күн бес қыз үшін естен кетпес күн болды. Олар әлі алда талай-талай қызықтарға тап болып, осы күнді де күле еске алатындықтарынан, жаңа жылдық демалысқа үйлеріне кетер кездерінде қымай, тіпті, жылап қоштасытындықтарынан мүлдем бейхабар болатын.

Сәбира Көкбай
Филология факультетінің
1-курс студенті




Кейбір жастардың өмір туралы көзқарасы

Қазіргі алмағайып, қатыгез заман адамға не істетпейді десеңші! Әйтеуір күн көріс қамы үшін ертеден қара кешке дейін еңбектеніп жүрген адамдар. Айналана қарасаң бәрі де қозғалыста, қызу тіршілік үстінде. Бірі көліктен қалып қалмауға жүгіреді, бірі жұмысына асығады, енді бірі қаптаған қалың жұрттың ортасынан алға суырылып шыққысы келеді. Неге екені, қайда екені белгісіз, бәрі де асығыс. Мүмкін заман, қазіргі қоғам соны талап ететін болар. Тіпті, алпыстағы қариядан алты жастағы жеткіншекке дейін жұмыс істеп, жанталасуда. Осындай зулап өтіп жатқан қысқа ғұмырға зер сала отырып, қазіргі жастарымыз еліміздің ертеңі үшін қандай тірлік жасап, недей күй кешіп жүргендігінен хабардар болу үшін бәрімізге белгілі Көк базарға ат басын бұрған едік. Көк базарда сол баяғы қызу тірлік. Диск сатқан, киім сатқан, құмалақ ашқан, қайыр тілеген «базар тұрғындары». Бұлардың көпшілігі жастар.

Сол жастардың бірі ұялы телефон нөмірлерін сатқан азаматтан қазіргі қоғам жайлы пікірін сұрадық. Біздің сәл де болса қоғамға үлес қосқымыз келетін ойымызды білгесін өз пікірін айтты. «Бұл мақаланы жаздыңдар делік, бірақ оны биліктегілер немесе қалтасы қалың байлар оқымайды ғой, оқыса да еш көмек көрсетпейді. Олар ұсақ-түйек мақаланы оқымайды, Шыңғыс хан туралы, «Абай жолын» оқиды», – деген сөзін естігенде біз еріксіз бір-бірімізге қарап еріксіз езу тарттық. Сонымен қатар ол бізге «газет-журналда жұмыс істеп ақша табам деп ойламай-ақ қойыңдар, одан да әжетхана тазалаңдар» деп «ақыл» да айтты.

Одан ары кілт жасайтын жерде отырған азаматқа кездестік. Ол өзінің Тараздан Алматыға жұмыс істеу үшін келгендігін айтты. Біздің «Таразда жұмыс жоқ па?» деп қойған сұрағымызға ол «Алматыда тачка сүйреп болсын күн көруге болады. Тіпті болмаса сотқа ұрлап күнделікті тамағымызды қамтамасыз ете аламыз» деп жауап берді. Ол негізінен Таразда заңгер мамандығы бойынша оқу бітірген екен. «Осы мамандық бойынша неге жұмыс жасамайсыз?» деген сұрағымызға «мына кілтті лақтырып қалсаң заңгердің басына түседі. Қазір екінің бірі – заңгер» деген жауап алдық. Қасындағы өзі сияқты бір жас жігіт сырттай білім алады екен. Біз оған сол білімге қанағаттанасыз ба дегенімізде «спокойно аламыз ғой» деді. Олардан арман-мақсаттарын сұрағанымызда «арманнан толқ жоқ, бәрібір жете алмайсың. Себебі мына қоғамда әділет дегенді көргем жоқ», – деп қоғамды кінәлай жауап берді.

Осындай түрлі пікірлер бізді қызықтыра түсті де диск сатушы жігіттердің жанына келдік. Оларға да өз бұйымтайымызды әуелгідей таныстыра кетіп, сөзге тарттық. Олар өз ойларын айтудан қашпақтап, «бізден емес, анау тұрған аки-маттан сұрандар» деп жол бойындағы заң қызметкерлерін көрсетті. Ал енді олардың арман-мақсаттарын сұрағанымызда қанағаттандырарлық жауап ала



алмадық. Олардың өмірге жеңіл-желпі қарайтынын, бүгін қарны тойса ертеңгі күнін ойламайтын салғырттықтарына қарап қынжылдық та қиналды. Олардың арасында жасы елулер шамасындағы ер кісі бізге бұрыла қарады да «қазіргі жастарға көңілім толмайды, автобуста қарттарға орын беруді ойламайды да, олар «хитрый» келеді. Бірақ жастардың күн көрісі нашар, олар оқымайды, осылай қаңғырып жүргендері, бір жағынан оларды кіналай да алмайсың» деп пікірін айтты. Кейбір жігіттердің сиқы осындай екен.


Енді мына бір қыздарды көргенде мүлде басқа ойға қалдық. «Барлығы елу теңге» деген дүкенде жұмыс істейтін қара торы қыздан «Неге оқи алмай қалдың?» деп сұрағанымызда, көзіне жас алып «ақша жоқ» деді. Алайда ол еш жасып тұрған жоқ. «Үй, машина алсам, отбасын құрсам» деген өзіне сай мақсаты да бар екен.

Одан әрі кеше ғана мектеп бітірген егіз қызға жолықтық. Бір-бірінен аумайтын екеуі де оқуға түсе алмай, амалсыз қара жұмыс істеп жүр екен. «Еңбек-ақымызды ала алмай жүрміз» деп мұңая қаралы. 17-18 жастар шамасындағы осы қыздар жігіттерімізге қарағанда әлдеқайда мықты екен деген ойға қалдық.

Осылай ойға батып келе жатқанымызда бір топ жылаған, күйінген сатушы әйелдерді байқадық. Не болып жатқанын білу мақсатында қастарына біраз аялдап едік, олар жақтырмаған сынай танытты. Ішіндегі көзі жасқа толған бір әйел бізді жеп қоярдай қарап, «Сендерге не керек?» деп жолатқысы келмеді. Содан біз өз мақсатымызды түсіндіріп едік, ішіндегі үлкен жастағы бір әйел бізге мойын бұрып, өзі жайлы ақпарат берді. «Біз осы базарға байланып қалғанбыз. Біздің жағдайымызды айту үшін айлық, жылдық уақыт керек. Бізге жабайы сауда жасауға тыйым салынуда. Ал біздің баратын жеріміз жоқ, жасымыз келгесін жұмысқа да алмайды. Көрген күніміз осы»,— деп мұңайған әлпет танытты. Олардың әңгімесін біраз уақыт тыңдап тұрып едік, қолы жараланған бір әйел сынған, бүлінген заттары үшін күйіне жылады. Бұл оқиғаға біз еш пікір айта алмаймыз. Себебі әркімдікі өзінше дұрыс.

Қалаға ауылдан неше түрлі жастар келеді. Бірі – қанатын қомдап, алысты көздеген арманшыл жастар. Енді бірі – қара жұмыс істеп, ақша табатын, отбасын асырасам дейтін еңбекшіл жастар. Бірақ қала өмірі оңай емес. Әсіресе, Алматы. Алматы – арман қала, қызығы мен шыжығы мол думан қала. Осы қаладан білімнің нәрін, еңбектің нанын тауып жегісі келетін кейбір ауыл жастарының меселдері де қайтып жатады. Дегенмен өмір сол күресуімен қызық қой. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы жастар десек, арман-мақсаты айқын емес, «арманнан толқ жоқ» дейтін жігіттер сөзін естігенде ұлтымыздың бойындағы қайрат-күш, жігер, намыс қайда кеткен деп қайран қалдық.

Гүлзат Дәуітәлі, Талшын Солтанбаева
Филология факультетінің
3-курс студенттері



«ІЗДЕНІС» ҮЙІРМЕСІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Білім жеңісі – біздің мақтанышымыз

Төрткүл дүниенің азулы алпауыттардың алдында абырой-атағы өсіп келе жатқан Қазақстан мемлекетінің қазіргі таңда жастарға артар жауапкершілігі мен сенімі ұлғая түсуде. Осыған орай мемлекетіміз жастарға тиісті білім беруде әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын сапалы мамандар даярлауды мақсат етеді. «Жас кәсіби мамандар ел өмірінде болып жатқан үдерістерде өз орнын тауып, болашақты орнатуға белсенді қатысуы керек», – деп Елбасы өз сөздерінің бірінде атап көрсеткеніндей, заманға сай білімді, тәрбиелі, бәсекеге қабілетті маман даярлауда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті де үлес қосып келеді.

Қазақстан мемлекетінің озық елдермен ық қағыстыра өмір сүруі үшін ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген шығармашыл, ізденімпаз шәкірт дайындау – университет ұстаздарының басты борышы. Осы орайда, студентті ғылыми ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту мақсатында нәтижелі жұмыс істеп келе жатқан Қазақ әдебиеті кафедрасының «Ізденіс» үйірмесін атап өту артық болмас. Аталған үйірменің белсенді мүшелерінен болашағынан үміт күттірер жастар жетерлік.

«Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік тудызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі» деп Питер Клайн айтқандай, ғылымның ауыр жолы мен білім шыңына талпынған студенттер өздерінің зерттеу талабын қанағаттандырып қана қоймай, университет мерейін асқақтатып келеді. Атап айтар болсақ, Астана қаласында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттері арасында 26-27 сәуір аралығында өткізілген IV республикалық пәндік олимпиада бойынша қатысқан 23 команда құрамы ішінде біздің университеттің команда құрамы жүлделі II орынды иеленіп қайтты. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деп Абай топшылағанындай, ақылы мен білімі қатарластарынан ілгері танылған Әбдібаева Әйгерім, Адылбекова Фариза, Дәуітәлі Гүлзат сынды құрбыларымызды мақтаныш етемін.

Десе де көңілге қаяу түсірер әділетсіздіктің көрінісі орын алғанын естігенімде, еріксіз қолыма қалам алдым. Олимпиаданың барлық турларында қарсыластардан оқ бойы оза шығып, 89 балмен I орын алғалы тұрған құрбыларым әділ-қазылардың «балл шешпейді, әділ-қазы шешеді» деген ұстанымы «арқасында» II орынның өзін қиындықпен иеленбесі бар ма?! Көзі қарақты көрерменнің таңданысын тудырған әділ-қазы шешімі шындықтың ауылынан нелік-



тен алыстады? Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің командасынан 20 балдай төмен жинаған Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне I орынның берілуі әділетсіздіктің шынайы көрінісі емес пе? Және де II орынның өзін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен кейін қоюы нені аңғартады? Әлде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Ұлттық» университеттер тұрғанда орынға таласуы ойға оралымсыз, ақылға қонымсыз ба? Осы сынды сауалдарды өз-өзіме қойып, шешімін таба алмай қынжыламын.

Біздің университеттің студенттері өз білімдерінің ешкімнен кем еместігін қай кезде де дәлелдеп келеді. Мәселен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 4-5 мамыр аралығында өткен Алматы аймағындағы жоғары оқу орындары студенттерінің Аймақтық пәндік олимпиасында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша біздің университеттен қатысушы Исламова Әйгерім, Әлімтаева Сақыпжамал, Солтанбаева Талшын сынды студенттер бәйгенің алдын бермей, жүлделі I орынды иеленуі осының айғағы емес пе?! Сондай-ақ басқа жоғары оқу орындары осы олимпиадаға республикалық олимпиадаға қатысқан команда құрамын қайталап қатыстырып жатса, біздің университетіміз жаңа команданы бәйгеге қосты.

Сонымен, «Ізденіс» үйірмесінің мүшелері университетіміздің намысын қолдан бермей, ұстаздарының үмітін ақтап, I, II орындарды қанжығаларына байлады. Абайдың «Ғылымды талас-тартыс үшін емес, дүниені тану, білмегенді білу үшін өмір, қоғам, ел мақсаты үшін үйрену керек» деген маржандай тізілген асыл сөздерін көңілге түйген студенттер алтын уақыттарын оқу-білімге арнап, әлі де талай асуларды бағындыратынына сенімім мол. Сөз соңында:

«Мен жанбасам лапылдап,
Сен жанбасаң лапылдап.
Біз жанбасақ лапылдап,
Аспан қалай ашылмақ?!»

дегім келеді.

Әйгерім Исламова
Филология факультетінің
3-курс студенті




Журналымыз әр семестр сайын шығып тұрады

Ұшқан құстай дамыған зымыран заманда бәсекеден бәсіре алу әркімнің алға қойған мақсаты болып тұр. Бұл үрдіс жастарды да шет қалдырған жоқ. Әсіресе, жастар арасында білім сайысы күннен-күнге үдеп бара жатыр. Басқаны былай қойғанда, енді жоғарғы оқу орындары арасында студенттердің жеке журналын шығару мәселесі қолға алынып жатыр. Өркениетті озық елдердің қатарына қосылуды көздеп отырған еліміздің білімді жастарының осы бір бастамасы, әрине, қуантарлық жасайт. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің студенттері шығарған «Алтын ұя», «Ай-Ару» /2012ж./ сынды қолжазба журналдарды алғашқы жарық көруімен құттықтаймыз!

Әрбір журналдың өзінің діттеген мақсаты болса да, филология мамандығының студенттері шығаратын журналдардың негізгі салмағы қазақ әдебиетінің өркендеуіне үлесін қосатыны сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде журналдардың көбеюі бізді қуантады.

Қазақ қыздарының рухын көтеруге арналған «Ай-Ару» қолжазба журналынан «Жоғары оқу орындарында, біздің білуімізше, әзірге студенттер журналы болған жоқ» (35-б.) дегенді оқып, студенттер, оның ішінде қазақ қыздарының ең алғаш шығарған «Алашшыл жас» /2011 ж./ атты қолжазба журналымен таныс редакция алқасының бұлай жазуына қайран қалдық. Таныс деуіміздің себебі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Ай-Ару» үйірмесінің ұйымдастыруымен 2012 жылы 6 наурызда өткен «Қазақ прозасындағы әйел тағдыры» атты ғылыми-тәжірибелік жас зерттеушілер форумында сол университеттің студенттері бізді сөзге тартып, әңгіме барысында өздерінің журнал шығаратындарын құлақтандырып қана қоймай, біздің қолжазба журналымыз туралы өз пікірлерін білдірген болатын. Жыл бұрын шыққан біздің қолжазба журналды былай қойғанда, өздерінен ай бұрын шыққан «Алтын ұя» журналын да елемегені қалай?!

Жалпы, біздің журналымыз әр семестр сайын шығып тұруға бағытталған. «Алашшыл жас» бұрын студенттердің тек ғылыми-танымдық қолжазба журналы болса, енді ғылыми-танымдық және әдеби-көркем журналына айналмақ. Және де жоғары оқу орындары студенттерінің де ғылыми мақалаларын, көркем туындыларын жариялап тұруға ниеттенеді. Өйткені біз шығармашылық қабілетімізді шыңдау үшін өзара тәжірибе алмасу, бір-бірімізден үйрену деген мәселені мақсат тұттық. Осыған орай журналымыздың мазмұны да әр түрлі айдармен беріліп отырады. Әсіресе, «Зерттеу: Алаш рухты әдебиет»,




«Ұлы даланың дара қыздары», «Поэзия», «Проза» сынды айдарлар үздіксіз беріліп отыратындығын ескертеміз.

Құрметті студенттер! Журналымыздың мұқабасы мен ішкі беттері бүгінгі заманның сұранысына сай жылтырақ болмаса да, қолжазба талабына сай рәсімделіп, көлемі де 100 дана болып шықпақ. Өткен жылы журналымыздың тұсау кесерінде өзінің лебізін білдірген «Болашақ» газетінің бас редакторы Дәурен Бабамұратов «Газет-журналдар айтылатын ойының мазмұндылығына қарай ғана сұранысқа ие болады...» деп айтқан болатын. Демек, оқырманға керегі – рухани азығы мол құнды дүниелерді жарыққа шығаратын сапалы басылымдар.

Құрметті оқырмандар! «Алашшыл жас» та сіздердің талап-талғамынан шығуға талпынуда. Осы санында да әдебиет сүйер қауымды елең еткізер жаңалықтары бар бір-екі ғылыми мақалалар жарияланып отыр. Оларды бағалайтын, әрине, оқушы қауым. Ал біз сіздердің көңілдеріңізден шығуға барынша тырысып бағамыз.

Редакция алқасы



Демеуші: Руда Зайкенова – филология ғылымдарының докторы,
Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы

Журналға жауапты: Күнімжан Әбдіқалық

Ақылдастар алқасы:
Қазмемқызпу Қазақ әдебиеті кафедрасының
профессор-оқытушылары

Редактор:
Адылбекова Фариза

Редакция алқасы:
Айдосова Азиза
Әлімтаева Сақыпжамал
Батырханова Гүлнұр
Дәуітәлі Гүлзат
Солтанбаева Талшын

Мекен-жайы: Гоголь көшесі, 114; 2-кабат.
Қазақ әдебиеті кафедрасы, 218-кабинет

Байланыс телефоны: 2 33 19 31; 8 701 538 70 85; 8702 453 70 80

Email: Alashshil-zhas.kz@mail.ru

Басуға 16.05.2012 ж. қол қойылды.

Пішімі 60 x 84/¹⁶ Офсеттік қағаз.

Компьютерлік терілімі.

Шартты баспа табағы 3,38

Әріп түрі «Times New Roman»

Riso басылымы.

Таралымы 100 дана.

Тапсырыс №159

050000, Алматы
Масанчи көшесі, 20/22
ЖШС «Полиграфия-сервис и К⁰»



Мезгіл мінезге әсер етеді



Қыс. Бұл мезгілде туылғандар алдына қойған мақсаты жолында табанды да күресе білетін, ерік-жігері күшті, дарынды адамдар болып келеді. Олар өзін-өзі сүйетін, терең ойлай білетін бірбеткей тұлғалар. Өз-өзіне және қолға алған істеріне сенімді болғандықтан оларды бет алған жолдарынан кері қайтару қиын. Еңбектен қашу, жанаярлық сияқты теріс әдеттер оларға тән емес. Еңбексүйгіштіктерінің арқасында жоғары нәтижелерге қол жеткізеді.

Жеке өмірде олардың алдынан шығатын қиындықтар аз болмайды. Отбасылық өмірде кей кездері ұсақ-түйекке дейін жанжалдасып қалатын

сәттер болып тұрады. Мұндай жағдайларда сабырлылықтарынан әп-сәтте айырылып қалулары мүмкін.

Қыста туылған жігіттер еркін өмірдің адамдары. Олар өздеріне өзгелердің әмір жүргізгенін қаламайды, жаны күйзелген жағдайда қаһары қыстай тым қатал болып та кетеді.

Көктем. Бұл мезгілде туылғандар қандай болса да шешім жасарда тәуекелге бел буа алмай, «он ойлап, жүз толғанып» жүріп алады. Бірақ өздеріне деген іштей сенімсіздік қашан да көшбасшы болуға деген мүмкіндіктерінің жолын кесіп жүреді. Олар - дұрыс ойлай білетін, өзгелердің пікір, әңгімелерін мұқият тындап, әрбір сөзді жан-жақты саралап, салмақтай алатын адамдар. Өз айтқанынан қайта қоймайтын әрі өте сақ жүретін жандар. Өз тарапына айтылған мақтауларды жаны сүйеді. Сондай-ақ, әдемілікке тым құмар. Олардың арасында жауынгерлік қасиеті барлар сирек кездеседі.





Жаз. Бұл мезгілде туылғандарға жаздың жайма шумак күндер өз әсерін тигізеді. Олар – кең пейілді, ұсақ-түйекке онша көңіл аудара бермейтін, өз мақсаты жолында құрбандыққа бара алатын адамдар. Қызметтік сатымен жоғарылай беру жазда туылғандар үшін мақсат емес. Еңбекке деген зор құлшыныстары олардың өздері қалаған істерде мол табысқа жетуіне жол ашады. Олар - сезімге тез берілгіш, көңіл-күйлері жылдам өзгере қоймайтын жандар. Қайғы не қуаныштан тез арыла алмайды. Жазда туылғанда өз мақсатына жету жолында тұрақты әрі ержүрек, тіпті кейде өркөкіректеу де болады.

Күз. Бұл мезгілде туылғандар дәл сол күздің өзі сияқты. Асығын аштықпайтын, тәжірибелі, көпті көрген қариялардай данышпан болып келеді, сол салмақтылығының арқасында көп жетістіктерге қол жеткізеді. Дегенмен ешкімге оңайлықпен ақысын жібермейді. Және қай нәрсені де ақылға жеңдіре біледі. Ал ақшаны үнемдеп пайдалануда өте шебер-ақ.

